

1 ТАМЫЗ,
2026 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№82 (23 696)



ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

95
ЖЫЛ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І


www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Әр теңгенің
сұрауы бар



2-бет

Талап тәртіпке
шақырады



5-бет

Тарихы мен мәдениеті
тоғысқан



8-бет

Өркені өскен өңір

Осыдан тоқсан жыл бұрын, қазақ даласында алғашқы геологиялық барлау экспедицияларының ізі ғана сайрап, алғашқы барақтамдардың төбесі көтеріле бастаған. Сөйтіп, ел қартасында көмірдің, болаттың және адам қайратының символына айналған Қарағанды облысы пайда болды. Бүгін, аймақтың торқалы тоқсан жылдығына көз жүгірте отырып, өзін бір емес, бірнеше мәрте қайта түлетіп, әр жанғыру сайын бұрынғысынан да мығым бола түскен, әртарапты шыңдала түскен дарқан өлкені көреміз...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс жылнамасы сайын дала тосінде алғашқы көмір шахталарының оқпандары бой көтере бастаған алмағайып кезеңдерден бастау алған. Қарағанды көмір бассейні екіпінді экономиканың алтын арқауына айналды. Адам ғұмыры үшін тоқсан жас – өмір белесінің ең биік шыңы, өткен жолға даналық дүрбісінен көз салатын ғақлия кезең. Ал, облыс үшін тоқсан жыл – кемелдену кезеңі деп ой тұжырымды келеді. Аймаққа иіндес аудандар мен қалалар да даму үдерісінде әсте кідірген емес.

Қарағанды көмір бассейні – әлемдегі ең ірі көмір алаптарының бірі. Бір кездегі одақтың «үшінші қочегаркасы» өңірдің экономикасын ғана емес, оның мінезі мен болмысын да қат-қабат қалыптастырды. Көмір өмірлі өлкеге облыстың өзі құрылғанға дейін-ақ келген еді. XIX ғасырдың соңында-ақ, алғашқы геолог-зерттеушілер Қарағандының көмірі туралы түрлі деректер жаза бастаған. Алайда, кен орындарының шынайы өндірістік тынысы



өткен ғасырдың отызыншы жылдарында ашылды. Иә, кенші еңбегі мұнда тұтас бір аймақтың болмысын айқындайтын өмір салтына ұласты. Сондықтан да, әр қарағандылықтың туа бітті болмысынан сабыр мен салмақ, орнықтылық

аңғарылады.

Соғыстан кейінгі онжылдықтарда Қарағанды көмір бассейні елге жыл сайын миллиондаған тонна көмірін бәсіре етті. Шаруалы шахталар маңында бой көтерген жұмысшы кенттері

уақыт өте келе Шахтинск, Саран және Абай секілді іргелі қалалар болып бой түзеді. Аудан мен қала тағдыры – тұтас облыстың тарихының шарайнасы. Өрлеу кезеңі, тоқсаныншы жылдардағы нарықтық сын-қатерлер, кейінгі

ғасырда индустрияландыру саясатының қайта қарқын алып, базалық салаларға бет бұруымен бірге тұрақты даму жолына қайта түсуі әсте-әсте өңір шежіресіне алтын әріппен жазылды.

Өткен ғасырдың отызыншы-қы-

рқыншы жылдарында Қарағанды даласы арқылы тәркілеуге ұшыраған шаруалар, күштеп жер аударылған халықтар мен лагерь тұтқындары тиелген пойыздар легі өтті.

Коллаж жасаған Арһимов Костяна

► 4-бет

• ЕРТЕҢ – ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ ЖҰМЫСҚЕРЛЕРІ КҮНІ

Болат жолдың бойында береке бар

Пойыздың ырғақты дүбірі талай адамға сапардың, үміт пен сағыныштың үніндей сезіледі. Бірі арман қуып оқуға аттанады. Бірі тірліктің қамымен жұмысқа асығады. Енді бірі туған ауылына, сағынған адамына жол тартады. Терезе сыртында белес пен бекет, күн мен түн алмасады. Ал, мындаған жолаушыны дйттеген жеріне аман жеткізу үшін теміржолшылар тәулік бойы тыным таппайды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ел дамуының қуретамыры

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көлік-логистика саласын ел дамуының негізгі бағыттарының бірі деп атады. Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы орны бұл саланың маңызын еселей түседі. Ел аумағы арқылы өтетін транзит көлемі жыл сайын артып келеді.

Соңғы алты жылда Транскаспий халықаралық көлік бағытымен тасымалданған жүк көлемі бес есе өсіп, жылына 4 миллион тоннадан асты. Осы ағынды кідіріссіз өткізу

үшін жаңа жолдар салынып, бұрынғы желілер кеңейтіліп жатыр.

«Достық-Мойынты» бағытындағы екінші жол – соның бір айғағы. Құрылыс аяқталғаннан кейін пойыздардың қос бағыттағы қозғалысы жеңілдеді. Желінің өткізу мүмкіндігі өсті. Қытай шекарасынан келетін жүктің елдің орталық және батыс өңірлеріне қарай жылжуына кең жол ашылды.

Бұл жұмыста Арқа өңірінің орны айрықша. Қарағанды – көмір мен кен, металл мен өндіріс өнімдерін жөнелтетін ірі аймақ. Сонымен бірге, халықаралық және республикалық теміржол бағыттары тоғысқан маңызды белдеу.



Арқадан ағылған жүк

Құрыш жолдың сапасы – қозғалыс қауіпсіздігінің басты шарты. Жолдың жайы пойыз жылдамдығына да, жүктің уақытында жетуіне де әсер етеді.

«Қазақстан темір жолы – Жүк тасы-

малы» ЖШС Қарағанды филиалының директоры Қанат Жұмашевтің айтуынша, биыл бөлімше аумағындағы бірқатар жол учаскесі жаңартылады.

► 5-бет

Қолдау қомақты болады



БОЛАШАҚ ҰРПАҚ

1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында жалпыға міндетті білім беру қоры аясында әлеуметтік осал санаттағы оқушыларға мектеп формасын, аяқ киім мен оқу құралдарын сатып алуға қаржылай көмек беріледі.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, жаңа 2026-2027 оқу жылы қарсаңында еліміз бойынша 450 мыңға жуық бала осы қолдауға ие болады. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттерден шамамен 23 млрд теңге бөлінген. Биыл бір балаға берілетін көмектің ең төменгі мөлшері 50 851 теңгені құрайды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 пайызға жоғары. Жергілікті бюджет мүмкіндігіне қарай кейбір өңірлерде төлем көлемі бұдан да көп болуы мүмкін. Қаржылай қолдау жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға, аз қамтылған және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балаларына, сондай-ақ, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға көрсетіледі. Көмекті алу үшін ата-аналар немесе заңды өкілдер қажетті құжаттарды білім беру ұйымына тапсыруы тиіс.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 544.5

•USD/KZT 474.63

•RUB/KZT 5.92

•CNY/KZT 70.26

Қазақстан Ұлттық Банкінің
31 шілде, 2026 жылғы дерекі бойынша

• ТАҒАЙЫНДАУ

Облыстық сотта – жаңа төраға

Қарағанды облыстық сотында жаңадан тағайындалған сот төрағасы Ғалым Күлекеев таныстырылды. Таныстыруға Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Асламбек Мерғалиев, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, мемлекеттік және құқық қорғау органдарының басшылары, облыстық және аудандық соттардың судьялары, сот жүйесінің ардагерлері мен қызметкерлері қатысты.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін бұл лауазымды атқарған Ерден Әріпов құрметті отставкаға шығуына байланысты қызметінен босатылды.

Ғалым Күлекеев – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін тәмамдаған. Оның заңгерлікпен қатар, экономикалық жоғары білімі бар. Еңбек жолында сот жүйесінің түрлі сатыларында қызмет атқарып, 2024 жылдан Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына жетекшілік етті.

Жаңа төрағаны сот ұжымына таныстырған Асламбек Мерғалиев сот төрелігінің сапасы мен қоғам сенімін арттыру – бүгінгі сот жүйесінің басты міндеті екенін атап өтті. Жүргізілген әлеуметтік зерттеулер республика бойынша сот жүйесіне деген халық сенімі – 69,7 пайызды көрсетсе, облыста бұл – 64 пайызға жеткен.

– Қарағанды – өнеркәсібі қарқынды дамыған өңір. Сол себепті, сотта қаралатын іс те ауқымды. Яғни, қабылданатын әр шешімнің сапасы мен заңдылығы ерекше мәнге ие. Халықтың сотқа деген сенімін нығайту, судьялардың кәсіби деңгейін үздіксіз арттыру және әділ сот төрелігін қамтамасыз ету – ортақ міндетіміз, – деді Асламбек Мерғалиев.

Жиында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев сот жүйесі мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы өзара іс-қимылдың өңірдің құқықтық тұрақтылығын қамтамасыз етудегі маңызына тоқталды.

– Сот жүйесінің тәуелсіздігі мен тиімді қызметі – құқықтық мемлекеттің басты тірегінің бірі. Облыс әкімдігі сот органдарымен әрдайым сындарлы әріптестік орнатып келеді. Бұл ынтымақтастық алдағы уақытта да жалғаса бермек. Материалдық-техникалық базаны нығайтуға бағытталған жұмыстар тұрақты түрде қолдау табады, – деді аймақ басшысы.

Облыстық соттың жаңа төрағасы Ғалым Күлекеев сенімнің жауапкершілік жүктейтінін айтып, сот төрелігінің сапасын одан әрі көтеруге күш салатынын жеткізді.

Сурет облыстық соттың баспасөз қызметінен

• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА

Әр теңгенің сұрауы бар

Аймақтың әлеуметтік міндеттемелерін толық орындау, инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту, денсаулық сақтау мен білім беру салаларын қолдау, халықты жұмыспен қамту және мәдени мұраны сақтау бағыттары облыстық мәслихатының кезектен тыс сессиясында қабылданған шешімдердің өзегі болды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжановтың төрағалығымен өткен кезектен тыс сессияда депутаттар 2026 жылға арналған облыстық бюджетті нақтылап, өңірдің алдағы даму қарқынына тікелей әсер ететін бірқатар маңызды мәселені қарады. Қаржының әр теңгесін нақты мақсатқа бағыттау қағидаты басшылыққа алынып, әлеуметтік саланың басымдығы тағы бір мәрте айқындалды.

Күн тәртібіне бірнеше мәселе шығарылды. Ең негізгісі – 2026 жылға арналған облыстық бюджетті нақтылау. Сонымен қатар, депутаттар Қарағанды облысы бойынша Ревизиялық комиссия туралы ережеге өзгерістер енгізіп, облыстық аумақтық сайлау комиссиясының депутаттық құрамдағы өзгерістер жөніндегі ақпаратын назарға алды. Өзгеріс облыстық мәслихат депутаты Бекзат Алтынбековтің өкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқталуына байланысты енгізілді.

Сессияны ашқан Нұркен Кобжанов қазіргі экономикалық жағдайда бюджеттің әрбір бағыты жан-жақты сараланып отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, қаржылық мүмкіндіктердің шектеулі болуына қарамастан, халықтың әл-ауқатына тікелей әсер ететін жобаларды қаржыландыру негізгі басымдық болып қала берді.

– Бюджетке түсетін жүктеменің жоғары болуына қарамастан әлеуметтік саланы қаржыландыру, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру және облыс тұрғындары алдындағы міндеттемелерді орындау – біздің басты басымдығымыз, – деді Нұркен Кобжанов.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Дулат Әшкенов баяндама жасады. Оның айтуынша, бюджетке енгізілген өзгерістер қосымша кірістер есебінен емес, ішкі резервтерді тиімді қайта бөлудің нәтижесінде жүзеге асырылып отыр. Мұндай тәсіл өңірдегі өзекті мәселелерді дер кезінде шешуге мүмкіндік береді.

– Коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жоспарлы түрде жалғасады. Негізгі назар су құбыры желілерін жанартуға және алдағы жылыту маусымына сапалы дайындық жүргізуге аударылады. Сонымен бірге, білім беру және денсаулық сақтау нысандарын күтіп-ұстауға, ішкі істер органдары қызметкерлерінің жалақы-



сын кезең-кезеңімен арттырудың соңғы кезеңін қаржыландыруға қаражат бөлінеді. Сондай-ақ, халықты жұмыспен қамтуды қолдау шараларын іске асыруға және денсаулық сақтау саласы үшін білікті мамандар даярлауға қаржы қарастырылады, – деді басқарма басшысы.

Бюджетті нақтылау бірнеше стратегиялық бағытты қамтиды. Атап айтқанда, инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту, әлеуметтік нысандарды күтіп-ұстау, халықтың әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыру, денсаулық сақтау мен білім беру жүйесінің материалдық-техникалық әлеуетін нығайту, мәдениет және архив ісін дамыту көзделген.

Бюджет нақтылауында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына ерекше назар аударылған. Қосымша қаражат Саяк кентіндегі магистральдық су құбырын жөндеуге, Қарқаралы ауданының Татан ауылындағы су құбыры желілерін қайта жаңғыртуға бағытталады.

Одан бөлек, Осакаров ауданының Молодежный кентіндегі қазандықты коммуналдық меншікке сатып алу жұмысы қаржыландырылады. Бұл жобалар өңірдегі коммуналдық қызметтердің тұрақтылығын арттырып, алдағы жылыту маусымына сенімді дайындық жасауға мүмкіндік береді.

Бюджетте әлеуметтік бағыттағы шығыстар бұрынғысынан негізгі орын алады. Орфандық ауруларға шалдыққан науқастарды өмірлік маңызды дәрілік препараттармен қамтамасыз етуге қосымша қаржы бөлінбек. Бұл сирек кездесетін аурулармен ауыратын азаматтардың емін үзбеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ішкі істер органдары қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңімен арттырудың екінші кезеңіне қажетті қаражат қарастырылды.

Білім беру жүйесінде Қарағанды қаласында жөндеу жұмыстарынан кейін қайта пайдалануға берілетін №11 арнайы мектептің қызметін қаржыландыру көзделген. Бұдан бөлек, Қарағанды, Теміртау қалалары және Бұқар жырау ауданындағы бірнеше



білім беру мекемесіне ағымдағы жөндеу жүргізіледі.

Денсаулық сақтау саласында медициналық кадрларды даярлау жалғасады. Қарағанды қаласындағы №1 және №2 көпбейінді ауруханалар, облыстық балалар клиникалық ауруханасы заманауи медициналық құрал-жабдықтармен толықтырылады. Қарқаралы аудандық ауруханасының материалдық-техникалық базасы нығайтылып, вакциналарды сақтау жүйесі жетілдіріледі. Бұдан бөлек, жедел медициналық жәрдем қызметіне смарт-бейнетіркегіштер сатып алынады.

Бюджетті нақтылау аясында қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру көлемі ұлғайып, ерікті қоныс аудару бағдарламасының 37 қатысушысына көрсетілетін қолдау шаралары кеңейтіледі. Оның ішінде, экономикалық ықпалды сертификаттары бойынша төлемдер қарастырылған.

Сонымен қатар, Қарағанды облысының мемлекеттік архиві, Қарағанды қаласының мемлекеттік архиві және Шет ауданының Өспен ауылындағы мәдениет үйінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға қаражат бөлінеді. Бұдан өзге Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорын толықтыру мақсатында археологиялық артефактілерге ғылыми зерттеулер жүргізу де қаржыландырылады.

Кезектен тыс сессия барысында депутаттар Қарағанды облысы бойынша Ревизиялық комиссия туралы ережеге өзгерістер енгізді. Сондай-ақ, облыстық ау-

мақтық сайлау комиссиясының облыстық мәслихат құрамындағы өзгерістер жөніндегі ақпараты назарға алынды.

Сессияны қорытындылаған Нұркен Кобжанов қабылданған шешімдердің өңірдің ұзақ мерзімді дамуына оң ықпал ететініне тоқталды.

– Бүгінгі кезектен тыс сессияда облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуын одан әрі қамтамасыз етуге бағытталған маңызды шешімдер қабылданды. Оларды тиімді іске асыру тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартып, өңірдің әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді, – деді мәслихат төрағасы.

Облыстық бюджетті нақтылау – өңірдің даму басымдығын қайта айқындайтын маңызды саяси әрі экономикалық шешім. Қабылданған түзетулер әлеуметтік міндеттемелердің толық орындалуын қамтамасыз етіп қана қоймай, коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға, денсаулық сақтау мен білім беру жүйесін нығайтуға, халықтың жұмыспен қамтылуын қолдауға және мәдени мұраны сақтауға мүмкіндік береді.

Ең бастысы – бюджет қаражаты өңір тұрғындарының күнделікті өміріне тікелей әсер ететін нақты мәселелерді шешуге бағытталды. Ал, қабылданған шешімдердің орындалуы облыстық мәслихат депутаттарының тұрақты бақылауында болады.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Балқаштың бірегей жобасы

Қазақстанның мыс өндірісі жаңа белеске көтерілмек. Балқаш қаласында құны 750 млрд теңгені құрайтын жаңа мыс балқыту зауытын салу жоспарланып отыр. Елдің индустриялық әлеуетін арттыруға бағытталған ауқымды жоба толықтай жеке инвестициялар есебінен жүзеге асырылады. Бұл бастама өңір өнеркәсібін дамытуға, экспорттық мүмкіндіктерді кеңейтуге және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін береді.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің баспасөз қызметінің хабарлауынша, Үкімет Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мен «Qazaq Smelter» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында жасалған инвестициялық келісімді бекітті. Жобаға сәйкес құрылыс жұмыстары 2027 жылы басталып, кәсіпорын 2030 жылы пайдалануға беріледі. Жаңа өндіріс орны іске қосылғаннан кейін жыл сайын 300 мың тонна катодтық мыс, 10 тонна алтын, 300 тонна күміс және 1,5 миллион тоннадан астам күкірт қышқылы өндіріл-

мек. Бұл өнімдер еліміздің өңдеу өнеркәсібінің әлеуетін арттырып қана қоймай, әлемдік нарықтағы қазақстандық металлургия өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге мүмкіндік береді.

Ауқымды инвестициялық жобаның әлеуметтік маңызы да зор. Кәсіпорын іске қосылғанда 1200-ге жуық тұрақты жұмыс орны ашылады. Өндіріс жұмысын бастаған сәтте қызметкерлердің, оның ішінде, басшылық құрамның 90 пайызын Қазақстан азаматтары құрайды. Ал, бес жыл ішінде бұл көрсеткішті 95 пайызға жеткізу жоспарланған.

Сонымен қатар, инвестор өндіріс саласына қажетті білікті ма-



мандарды даярлау мақсатында 50 студенттің білім алуына қолдау көрсетеді. Жаңа зауыттың іске қосылуы ел экономикасына елеулі ықпал етеді деп күтілуде. Нәтижесінде Қазақстандағы мыс өн-

дірісінің көлемі бір жарым есеге өсіп, жылына 800 мың тоннадан асады.

Сондай-ақ, жоғары қосылған құны бар мыс өнімдерінің экспорты қазіргі 460 мың тоннадан 760

мың тоннаға дейін ұлғаяды. Бұл өңделген өнім үлесінің артуына, экспорт құрылымының сапалық тұрғыдан жақсаруына және ұлттық экономиканың тұрақты дамуына негіз қалайды.



ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

Айта кетейік, Балқашта бой көтеретін жаңа мыс балқыту зауыты – еліміздің өнеркәсіп саласын әртараптандыруға бағытталған стратегиялық жобаның бірі. Ірі инвестициялық бастама өндірістік қуатты арттырып қана қоймай, жаңа технологиялардың енгізілуіне, білікті кадрлардың қалыптасуына және өңірдің экономикалық әлеуетінің нығаюына жол ашпак.

БАЛҚАШ

Инфографика облыс әкімдігінің сайтынан

Азаматтық ұстанымның айғағы

Елдің ертеңі – әр азаматтың таңдауынан басталады. Сайлау –халықтың мемлекет ісіне қатысуының, ел болашағына деген жауапкершілігінің жарқын көрінісі. Әсіресе, алдағы Құрылтай сайлауы – қоғамдық пікірдің тоғысар, елдік мүдде таразыланар маңызды кезең. Осы саяси науқан қарсаңында дайындық барысы, сайлаудың ашықтығы мен әділдігін қамтамасыз ету тетіктері туралы облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Қайрат Нұркеновпен әңгімелескен едік.

– Қайрат Қаршығаұлы, Құрылтай сайлауына дайындық жұмыстары қалай жүріп жатыр?

– Ең алдымен, бұл сайлаудың тарихи мәні зор екенін атап өту керек. Реформаның нәтижесінде бұрынғы Мәжіліс пен Сенаттың орнына заң шығарушы биліктің жаңа әрі біртұтас жоғары органы – Құрылтай құрылды.

Сайлауға дайындық жұмыстары бекітілген кестеге сай. Барлық 4331 учаскелік сайлау комиссиясының мүшесін 22 тамызға дейін оқыту жоспарланған. Қазірдің өзінде 23 оқыту семинары өтіп, 1169 комиссия мүшесі қамтылды. Биылғы аймақтағы жаңашылықтың бірі – аумақтық сайлау комиссиялары көршілес өңірлердегі комиссия мүшелері үшін көшпелі семинарлар өткізді.

Теміртау, Балқаш қалалары мен Нұра ауданындағы өнеркәсіптік кәсіпорындарда жаңадан 4 сайлау учаскесі ашылып, құрамы мен ғимараттары толық белгіленді. Ол мүмкіндік биылғы Сайлау туралы заңнамаға өзгеріс енгізгеннен кейін пайда болып, сол кәсіпорындарда жұмыс істейтін сайлаушылар дауыс беру үшін ыңғайлы жағдай жасалуда.

– Облыста Құрылтай сайлауын өткізу үшін қанша сайлау учаскесі жұмыс істейді?

– Облыс аумағында жалпы 639 сайлау учаскесі жұмыс істейді. Оның ішінде 35-і – уақытша болу орындарындағы (ауруханаларда, әскери бөлімдерде, тергеу изоляторларында, қарттар үйлерінде және өнеркәсіп орындарында) учаскелер.

Аймақта 653 комиссия (14 аумақтық және 639 учаскелік) жұмыс істейді. Сайлау комиссияларының құрамын Конституциялық заңға сәйкес, тиісті мәслихаттар қалыптастырады. Сайлау процесіне жалпы 4 429 комиссия мүшесі қатысады (аумақтық комиссияларда – 98, учаскелік комиссияларда – 4 331 мүше). Комиссия құрамы негізінен білім беру, әлеуметтік сала, сондай-ақ, басқа да салалар өкілдерінен жасқталған.

– Биылғы Құрылтай сайлауында облыс тұрғындары электронды түрде дауыс бере ала ма?

– Жоқ, биылғы сайлауда электронды түрде (онлайн) дауыс беру қарастырылмаған. Азаматтар дәстүрлі форматта сайлау учаскелеріне барып, бюллетень арқылы дауыс береді. Дегенмен, цифрлық технологиялар сайлау үдерісін жеңілдету және халыққа тиімді қызмет көрсету үшін кеңінен қолданылуда.



Атап айтсақ, сайлаушылар саны 1 мыңнан асатын 349 ірі учаскеде азаматтардың тіркеуін онлайн тексеру функциясы іске қосылады. Бұл үшін әр учаскеде 2 комиссия мүшесі арнайы бекітілген.

Одан бөлек, тұрғындар қай сайлау учаскесіне жататынын сайlau09 Telegram-боты арқылы немесе облыстық ақпараттық ресурстардағы «Өзінді сайлаушылар тізімінен тап» баннері арқылы жылдам әрі ыңғайлы біле алады.

– Сайлау учаскелерінің ашық әрі заң талаптарына сай жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қандай байқау және ұйымдастыру шаралары қолға алынды?

– Сайлаудың ашықтығын және заңдылығын қамтамасыз ету бағытында заңнамамен қарастырылған тиісті шаралар қабылданды. Сайлау барысын байқау үшін облыста 19 жергілікті қоғамдық бірлестік пен үкіметтік емес ұйым аккредиттеуден өтті. Сондай-ақ, Орталық сайлау комиссиясы аккредиттеген республикалық ұйымдардың байқаушылары, саяси партиялардың өкілдері (бүгінде 1 600-ден астам сенімді өкіл тіркелген) және БАҚ өкілдері процесі толық бақыалады.

Сайлау ашықтығының кепілі ретінде 20 шілдеден облыста ЕҚЫҰ ДИАКБ (БДИПЧ ОБСЕ) миссиясының ұзақ мерзімді халықаралық байқаушылары жұмыс істеуде. Сонымен қатар, Орталық сайлау комиссиясы тарапынан Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттары сайлауға шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымның байқаушыларын аккредиттеу жұмыстары жүргізілуде.

Азаматтардың арыз-шағымдары мен сұрақтарына жедел жауап беру үшін бірыңғай «Senim109» контакт-орталығы мен өңірлерде 14 арнайы колл-орталық жұмыс істеп тұр.

– Қарағанды облысында

тіркелген, бірақ, сайлау күні басқа өңірде болатын азаматтар қалай дауыс береді? Дауыс беретін үй-жайлар жасақталып болды ма?

– Сайлау күні өзге аймаққа кететін тұрғындар заңнамаға сәйкес 7 тамыздан бастап, өз сайлау учаскесінен есептен шығару куәлігін алып, баратын жеріндегі учаскеде дауыс бере алады. Сондай-ақ, вахталық әдіспен жұмыс істейтін және әскери қызметтегі азаматтардың тізімдері толық нақтыланды.

Дауыс беруге арналған барлық 639 сайлау учаскесінің ғимараты анықталған. Тұрғындарға ыңғайлы болу үшін учаскелердің 63,38%-ы білім беру, 26,13%-ы мәдениет нысандарында орналасқан. Барлық ғимарат белгіленген мерзімде дауыс беру қабілетіне ие болып, баратын жеріндегі учаскеде дауыс бере алады. Сондай-ақ, вахталық әдіспен жұмыс істейтін және әскери қызметтегі азаматтардың тізімдері толық нақтыланды.

– Республика бойынша Қарағанды облысының сайлаудағы белсенділігі қаншалықты?

– Қарағанды облысы – әрқашан азаматтық жауапкершілігі жоғары, сайлау науқандарына белсене қатысатын өңірлердің бірі. Биыл да тұрғындардың сайлауға қатысу белсенділігі жоғары деңгейде болады деп күтілуде.

Облыста сайлаушылардың, әсіресе, жастар мен ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың белсенділігі мен хабардарлығын арттыру бағытында кешенді ақпараттандыру жұмыстары жүргізілуде. Облыс бойынша 357 билборд (фасадтарда, жеке конструкцияларда, LED-экрандарда, стендтерде) орнатылды.

Облыстық сайлау комиссиясының ресми сайтында «Құрылтай – 2026» арнайы бөлімі ашылып, инфографикалар, видео-аудио материалдар үнемі жаңартылып отырады.

– Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау учаскелерінде олардың еркін дауыс



беруіне қандай мүмкіндіктер қарастырылған?

Облыста мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау құқығын толық әрі кедергісіз жүзеге асыруына ерекше назар аударылған. Облыстағы ерекше қажеттіліктері бар 6 245 сайлаушы үшін сайлау учаскелерінде кешенді жағдайлар жасалуда.

Сайлау учаскелерінің 93,3%-ы (564 учаске) пандустармен жабдықталған, ал, қалған учаскелерде ғимаратқа кіреберіс жер деңгейінде болғандықтан пандус талап етілмейді. 588 учаске (97,3%) тактильді көрсеткіштермен, 594 учаске (98,3%) шақыру батырмаларымен және 437 учаске арнайы автотұрақ орындарымен қамтамасыз етілген.

Брайль шрифті менгерген азаматтар үшін арнайы Брайль трафареттері мен ақпараттық материалдар дайындалады. 315 сайлау учаскесінде сурдоаудармашылар бекітілген. Сонымен қатар, мессенджерлер (WhatsApp, Telegram) арқылы онлайн сурдоаударма қызметі де ұсынылады.

Тұрғындарға 143 «Инватекс» автокөлігі қызмет көрсетеді. Одан бөлек, 1 топтағы мүгедектігі бар жанға жеке көмекшілер бөлінген.

17 тамыздан өңірімізге ЕҚЫҰ миссиясының қысқа мерзімді байқаушылар тобы келеді деп күтілуде. Бұдан бөлек, дауыс беру күні Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) тарапынан аккредиттелген басқа да халықаралық ұйымдардың байқаушылары мен шетелдік БАҚ өкілдері сайлау процесін тікелей бақылайды.

– Дауыс берушілердің болжамды келу көрсеткіші бүгінде белгілі ме?

– Сайлау комиссиясының заң бойынша басты міндеті – белгілі бір пайыздық көрсеткішті болжау емес, облыста тіркелген барлық сайлаушының өз Конституциялық құқығын еркін, ашық әрі қауіпсіз түрде жүзеге асыруына толық жағдай жасау.

Дегенмен, қазіргі жүргізіліп жатқан ауқымды ақпараттандыру жұмыстарын, дайындық деңгейін және тұрғындарға (соның ішінде мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен жастарға) жасалған қолайлы жағдайларды ескере отырып, облыс тұрғындарының сайлауға қатысу белсенділігі дәстүрлі түрде жоғары деңгейде болады деп күтеміз.

– Уақыт тауып, тұщымды әңгіме өрбіткеніңіз үшін көп рақмет!

Сұхбаттасқан Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Үгіт өрісі кеңейді



Қарағанды облысында саяси партиялардың сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары жалғасуда. Өңірдің қала-аудандарындағы кездесулер барысында партия өкілдері тұрғындармен, еңбек ұжымдарымен және түрлі сала мамандарымен жүздесіп, сайлауалды бағдарламаларындағы басым бағыттарды таныстырды. Кездесулерде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, халықты толғандырған өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары талқыланып, сайлаушылардың ұсыныс-пікірлері назарға алынды.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Әділет» партиясының штабы облыста еңбек ұжымдары, ғылыми қауымдастық, кәсіпкерлер, IT саласының өкілдері және азаматтық қоғам мүшелерімен кездесті. «Qatpet» АҚ металлургия комбинатында өткен кездесуде өндірістік қауіпсіздік, кәсіпорындарды жаңғырту, еңбек өнімділігін арттыру талқыланды.

Сайлауалды штаб академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде де кездесу өткізді. Партияның білім мен ғылымды дамыту, жастарды қолдау, еңбек нарығына қажетті мамандар даярлауға бағытталған ұсыныстарын таныстырды. Құрылтай депутаттығына кандидаттар кәсіпкерлер, IT-қоғамдастық өкілдері, ТЕН QOGAM әлеуметтік бейімдеу орталығының қатысушыларымен кәсіпкерлікті дамыту мәселелерін талқылады.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары Абай қаласында өтті. Іс-шара барысында партияның сайлауалды бағдарламасы жазылған үгіттік баспа материалдары арнайы белгіленген және заманмен рұқсат етілген орындарға орналастырылды. Сонымен қатар, тұрғындарға ақпараттық парақшалар таратылып, партияның негізгі бағдарламалық бағыттары мен бастамалары таныстырылды.

Акцияда партия өкілдері сайлаушыларды сайлауалды бағдарламаның негізгі ережелерімен таныстырды. Тұрғындарға партияның әлеуметтік саясат, экономиканы дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру, еңбек құқықтары жайлы ақпарат берді.

«Байтақ» жасылдар партиясының өкілдері арнайы белгіленген ақпараттық стендтерге партияның үгіт-насихат материалдарын орналастырды.

Сонымен қатар, облыс көлемінде «Есіктен есікке» акциясына да старт берілді. Акция барысында партия өкілдері тұрғындармен кездесіп, сайлауалды бағдарламаның негізгі бағыттары туралы ақпарат беріп, азаматтардың сауалдарына жауап қайтарды. Кездесулер барысында қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және тұрақты даму мәселелеріне қатысты партияның ұстанымдары таныстырылды. Үгіт-насихат жұмыстары өңірдің қала және аудандарында кезең-кезеңімен жалғасады.

Қазақстан Халық партиясы еңбек ұжымдарымен кездесті. Партия өкілдері сайлаушыларға партияның сайлауалды бағдарламасын таныстырды. Алдымен партия өкілдері Әлихан Бөкейхан ауданындағы №3 тұрғын үй пайдалану ұйымының еңбек ұжымымен кездесті.

Жылы барысында қатысушыларға Қазақстан Халық партиясының «Ел байлығы – халық игілігіне!» атты

сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттары таныстырылды. Ашық пікір алмасу кезінде энергетика саласын дамыту, еңбек адамдарын әлеуметтік қолдау мәселелері сөз болды. Қарағанды қаласындағы №11 емхананың және №5 емхананың медицина қызметкерлерімен кездесуде денсаулық сақтау саласын дамыту, медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау бағытындағы бастамалар талқыланды.

«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы өкілдері Ақтоғай ауданында сайлаушылармен бірқатар кездесу өткізді. «Ақтоғай орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің еңбек ұжымымен жүздесті. Кездесу барысында партияның сайлауалды бағдарламасының негізгі басымдықтары таныстырылып, табиғатты қорғау, орман шаруашылығын дамыту және ауылдық аумақтарды өркендетуге бағытталған бастамалар кеңінен сөз болды.

Ақтоғай аудандық ауруханасының медицина қызметкерлерімен өткен кездесуде денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру, ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыру, кадрлық әлеуетті нығайту мәселелері талқыланды.

«Ақ жол» партиясы Қарағанды еңбек ұжымдары және сайлаушылармен бірқатар кездесу өткізді. Партияның сайлауалды бағдарламасының бағыттары таныстырды. Алдымен делегация «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағындағы Seven Refractories Asia отқа төзімді материалдар шығаратын зауытында болып, кәсіпорынның еңбек ұжымымен жүздесті.

Одан кейін партия өкілдері «СМИТ Орталық Азия» ЖШС-інде болып, құбырлар өндіретін зауыт қызметкерлерімен кездесті. «Төлге» кәсіпорнында әйелдер кәсіпкерлігінің өкілдерімен пікір алмасты. Кездесуде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ, ArtSport бірыңғай мемлекеттік тапсырысына қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Respublica партиясының өкілдері «Майкұдық Жұмыртқа» ЖШС ұжымымен кездесті. Партияның сайлауалды бағдарламасы мен басымдықтарын таныстыруға арналған ақпараттық-насихаттық кездесу өтті. Партия өкілдері елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған бастамаларын айтты. Кәсіпкерлікті қолдау, еңбек адамның мәртебесін арттыру, жастарға жаңа мүмкіндіктер жасау, білім беру сапасын көтеру және өңірлердің тұрақты дамуына қатысты ұстанымдары туралы кеңінен ақпарат берді.

Сонымен қатар, қатысушыларға партияның құрылтайында қабылданған шешімдердің маңыздылығы түсіндіріліп, сайлауалды бағдарламаның негізгі бағыттары таныстырылды. Жылы барысында пікір алмасу өтті.

Тарих таразысындағы сәт

Тарихтың таразысына түсетін сәттер болады. Ондай кездерде қабылданған әрбір шешім уақыт өте келе тұтас мемлекеттің даму бағытын айқындайды. Қазақстан дәл осындай жауапты белестің алдында тұр. Жаңарған Конституция негізінде қалыптасқан жаңа саяси жүйе енді іс жүзінде сыналады. Сол өзгерістердің маңызды кезеңінің бірі – 23 тамызда өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауы.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кез келген мемлекеттің беріктігі экономикалық көрсеткіштермен ғана өлшенбейді. Оның басты тірегі – заңның үстемдігі, қоғамдық келісім және азаматтардың мемлекет ісіне қатысу белсенділігі. Осы үш ұстаным тоғысқанда ғана орнықты даму қалыптасады. Сондықтан, сайлауды – тек заң талаптарын орындау, я болмаса саяси науқан деу – қате. Бұл – елдің ертеңіне қатысты ортақ жауапкершілікті бөлісудің өркеніетті жолы.

Кейінгі жылдары Қазақстан қоғамдық-саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты. Конституциялық реформалар мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртып, билік тармақтарының арасындағы тепе-теңдікті нығайтуға бағыт-

талды. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – халықтың мемлекет ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейту, саяси институттардың тиімділігін арттыру және қоғамдық сенімді күшейту. Мұндай реформа өмірде қалай жүзеге асатынымен бағаланады. Ал, оны айқындайтын маңызды тетік – сайлау. 23 тамызда елімізде алғаш рет жаңа конституциялық модель аясында Құрылтай депутаттарының сайлауы өтеді. Бұл саяси науқанның тарихи маңызы да осында. Алдағы бес жыл бойы заң шығару қызметін жүзеге асыратын 145 депутат осы сайлау арқылы анықталады. Олар қабылдайтын заңдар елдің әлеуметтік саясатына, экономикалық дамуына, кәсіпкерлікті қолдау тетіктеріне, білім беру мен денсаулық сақтау салаларына, еңбек қатынастарына және азаматтардың құқықтарын қорғауға



тікелей ықпал етеді. Бұл жолғы сайлаудың өзіндік ерекшелігі бар. Азаматтар жекелеген кандидаттарға емес, саяси партиялардың бағдарламаларына дауыс береді. Демек, басты назар тұлғаларға емес, нақты ұсыныстарға, елдің болашағына қатысты көзқарастар мен бастамаларға аударылады. Мұндай жүйе саяси партиялардың жауапкершілігін арттырып, олардың қоғам алдындағы міндетін күшейте түседі. Саяси мазмұнға, нақты жоспарларға негізделеді. Заң шығару қызметі – мемлекеттің

даму бағытын айқындайтын негізгі тетіктердің бірі. Қандай заң қабылданатыны, оның қоғам өміріне қалай әсер ететіні, халықтың әлеуметтік жағдайына қандай өзгеріс әкелетіні – мұның бәрі Құрылтай жұмысының сапасына байланысты. Бұл сайлау келешек ұрпақтың өміріне ықпал ететін маңызды шешімдердің бастауына айналмақ.

Қазақ халқы үшін Құрылтай ұғымы ежелден қасиетті. Ел басына күн туған шақта игі жасқылар бас қосып, мемлекет тағдыры-

на қатысты ортақ мәмілеге келген. Сол тарихи дәстүр бүгінде жаңа мазмұнмен жалғасып отыр. Қазіргі Құрылтай – заманауи заң шығару институты. Атауы ұлттық тарихпен сабақтас болғанымен, міндеті тәуелсіз Қазақстанның құқықтық жүйесін жетілдіруге бағытталған. Бұл – ұлттық құндылық пен заманауи мемлекеттік басқарудың табиғи үндестігі. Әлемдегі геосаяси ахуал күн сайын өзгеріп жатқан кезеңде ішкі тұрақтылықтың маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Экономикалық сын-қатерлер, жаһандық бәсекелестік, жаңа технологиялар мен халықаралық үдерістер мемлекеттен де, қоғамнан да тың шешімдерді талап етеді. Осындай жағдайда ел ішіндегі татулық пен саяси тұрақтылықты сақтау – бәріне ортақ міндет. Тұрақтылықтың берік негізі – заңға құрмет, ашық диалог және азаматтық белсенділік.

Сайлау мәдениеті де бір күнде қалыптаспайды. Ол – ұзақ жылда бойы орнығатын қоғамдық құндылық. Мемлекет тағдырына бейжай қарамайтын, қоғамдық үдерістерге белсенді араласатын ел ғана тұрақты дамуға қол жеткізеді. Дауыс беру – жеке адам-



ның ортақ іске қосқан үлесі. Бұл таңдау арқылы халық өз көзқарасын білдіреді, мемлекеттік саясаттың бағытын айқындауға қатысады. Әрбір тарихи кезеңнің өз жауапкершілігі болады. Бүгінгі буынның міндеті – тәуелсіз Қазақстанның жаңа даму кезеңіне берік негіз қалау. Бұл жолда қабылданатын әрбір заңның, жүзеге асатын әрбір реформаның сапасы заң шығарушы органның жұмысына байланысты.

Елдің өткенін таразылап қана қоймай, келешегіне бағыт-бағдар беретін кезең ретінде есте қалмақ. Сайлауға қатысу – мемлекеттің ұзақ мерзімді дамуына деген жаңашырлықтың көрінісі. Ал, жаңарған Қазақстанның келешегі әрбір азаматтың саяси мәдениетіне, жауапкершілігіне және ортақ мүддеге деген адалдығына сүйенеді.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Өркені өскен өңір

(Соңы. Басы 1-бетте).

Дәл солардың маңдай тері мен жан-кешті еңбегінің арқасында алғашқы шахталар қазылып, алғашқы тұрғын аудандар бой көтерді. Бұл – өңір жадындағы ауыр, бірақ ұмытылмауға тиіс тарихи дәріс дәуірнамысы. 1941-1945 жылдардағы II дүниежүзілік соғысы кезінде Қарағанды облысы елдің ең ірі тұл тіректерінің біріне айналды.

Соғыстан кейінгі онжылдықтар Қарағанды өңіріне тағы бір қуатты тірек саланы сыйлады. Ол – металлургия. Теміртауда кенес одағындағы ең ірі металлургиялық комбинаттардың бірі бой көтеріп, оның өнімі елдің өндірістік әлеуетін нығайтып қана қоймай, бүгінгі күні де Қазақстанның экспорттық мүмкіндігінің маңызды бөлігін құрап келеді.

Өңірдің өндірістік қуаты әрқашан ғылыммен қатар өркендеді. Қарағанды мен Теміртауда инженерлік және медициналық ғылыми мектептер қалыптасып, облыс кейін бүкіл елге таралған көптеген жаңа технологиялардың тәжірибе алаңына айналды. Кенді терең өңдеу, көмірді байытудың озық тәсілдері, өндірістігі инновациялық шешімдер – осының бәрі Сарыарқа топырағында сынылып, кейін республика игілігіне қызмет етті.

Бүгінгі Қарағанды облысын көмір мен болаттың өлкесі деп қана қарастыра салу әбестік болар еді. Соңғы жылдары өңір экономиканы әртараптандыру бағытын жүйелі түрде жүзеге асырып келеді.

Задында орталық облыстың шынайы болмысын ешбір өндіріс саласы да, ешбір экономикалық көрсеткіш те оның адамдары сияқты толық таныта алмас болар. Сондықтан, тоқсан жылдық мерейтойын қарсы алған аймақ өзінің жетістіктерін тек өндірілген миллиондаған тонна көмірмен, салынған шақырымдаған жолмен немесе тартылған миллиардтаған инвестициямен ғана өлшемейді. Оның ең үлкен байлығы – адам. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан кеншілер әулеті, ұстаздар мектебі, дәрігерлер әулеті, туған жерге адал қызмет етуді өмірлік мұрат еткен қарапайым еңбек адамдары – өңірдің шынайы қазынасы.

• ЭКОНОМИКА

Тоқсан жылдық толайым табыс

Тоқсан жылдық белесті еңсерген өңір нақты нәтижелермен, дәлелді деректермен және ең бастысы, жылдан-жылға еселеніп келе жатқан көрсеткіштерімен еңселене түскені даусыз.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірді дамытудың соңғы бес жылдық жоспарының қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібінің көлемі шамамен 4 триллион теңгеге жетіп, өсім 5,8 пайызды құрады. Тау-кен өндіру саласы бұдан да жоғары қарқын көрсетіп, 7,4 пайызға артты. Металлургия, машина жасау, химия және фармацевтика өнеркәсібі, сондай-ақ, құрылыс материалдарын өндіру салалары да тұрақты өсімге қол жеткізді.

– Өнеркәсіп өңір экономикасының негізгі қозғаушы күші болып қала береді. Ең бастысы, даму жекелеген кәсіпорындар деңгейінде емес, облыстың бүкіл өндірістік құрылымын қамтып отыр, – деді Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірді дамыту жоспарының орындалуы турасында.

Өңір экономикасының негізгі тірегі бұрынғысынша жүйе құраушы кәсіпорындар – «Qatmet» металлургиялық компаниясы мен «Қазақмыс» корпорациясы болғанымен, облыс экономикасы бір ғана салаға тәуелділіктен біртіндеп арылып келеді.

Мысалы, былтыр өңірде 25 жаңа инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Оның 17-сі өнеркәсіп саласына тиесілі. Атап айтқанда, Qaragandy Power Silicon кәсіпорнында екі жаңа пеш пайдалануға берілді, Tau-Ken Temir зауытында металлургиялық кремний өндірісі қайта жанданды, Қазақстандағы алғашқы ыстық мырыштау зауыты мен Саран индустриялық аймағындағы «ТЭМПО-Қазақстан» тік жікті құбырлар шығаратын кәсіпорны іске қосылды. Жылдың алғашқы он айында QazTehna зауытында екі мыңға жуық автобус пен арнайы техника құрастырылды. Tengri Tyres кәсіпорны жарты миллионға жуық автокөлік шинасын өндірісе, Silk Road Electronics зауыты 250 мың дана тұрмыстық техника шығарды.

Өңірдің өндірістік келбетін алып



Қолжазба жасаған Арайлым Қоктөев

кәсіпорындар айқындағанымен, оның экономикалық тұрақтылығы бүгінде мыңдаған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің іскерлігіне сүйеніп келеді. Мемлекеттік қолдау шараларының нәтижесінде облыста 700-ге жуық бизнес-жоба субсидияланып, жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 102 мыңға жетті.

Облыста қанатқақты режимде шағын өнеркәсіптік аймақтар құрылууда. Бұл – ең алдымен, шағын кәсіпорындардың дамуына арналған икемді өндірістік инфрақұрылым десек, қателеспейміз. Саран қаласында тұрмыстық техникаға арналған бөлшектер шығаратын OptimTech өндірістік алаңы қалыптасып жатса, Қарағандыда Exim Star Kazakhstan және «Строй Сервис Қарағанды» кәсіпорындарының өндірістік нысандары салынууда.

Мұнда металл өңдеу, резенке-техникалық бұйымдар, тұрмыстық химия және құрылыс материалдарын өндіру жолға қойылады.

Дала дәулетінің әлеуетіне дүрбі салар болсақ, Сарыарқаның егіншілік пен мал шаруашылығына негізделген тарихы – өңір дамуының жарқын беттерінің бірі. Өткен жыл қорытындысында облыстың ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 531,9 миллиард теңгеге жетіп, алдыңғы жылмен салыстырғанда 11 пайыздан астам өсім көрсетті. Биыл өңірдің агроөнеркәсіп кешенінде жалпы құны 63,6 миллиард теңгеге құрайтын 26 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Мал шаруашылығын дамытуға ерекше басымдық берілуде. Бұл бағытқа 7 миллиард теңге бөлініп, мемлекеттік қолдау аясында асыл тұқымды мал басы көбейтілуде.

Өңір кәсіпорындарының табысты тәжірибесінің бірі – Saumal Biotech компаниясы. Кәсіпорын бие мен түйе сүтінен дайындалатын сублимацияланған қоспалар мен мал азығын өндіреді.

Токетерінде тоқсан жыл келешекке жаңа міндет айқындайтын белес деп бағыт бағамдауға болады. Сарыарқаның сәмиан даласы адал еңбектенген жан атаулысына көл-көсір ырыс сыйлайтынын сан мәрте дәлелдеп келеді. Бүгінде өңдеу өнеркәсібі алты пайызға жуық өсім көрсетіп, инвестициялық қоржын триллиондаған теңгемен өлшеніп, шағын және орта бизнес жыл сайын жаңа өндіріс орындары мен заманауи шаруашылықтарды іске қосып жатқан шақта, облыс болашаққа деген нық сеніммен қарсы алып отыр.

• СЕРПІН

Шипа шуағы сөнбеген өлке

Облыстың тоқсан жылдық тарихына зер салсақ, алдымыздан өндіріс өркені, кенші еңбегі, қала мен даланың тағдыры қатар шығады. Сол шежіренің жүрт көп айта бермейтін, бірақ, ең қастерлі бір тарауы бар. Ол – адам өмірін арашалап, ел саулығын күзеткен Арқа медицинасының тарихы. Алғашқы емдеу пункттері, шағын ауруханалар, ауыл арасындағы фельдшерлік көмек болып басталған сол бір қайнар бүгінде кең арнаға айналды.



Қолжазба жасаған Арайлым Қоктөев

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Содан бері заман өзгерді, медицина да түлеп, түрленді. Бір кездері өндіріс басындағы жұмысшыға, шалғай ауылдағы сырқатқа алғашқы көмек көрсетуді басты мақсат тұтқан жүйе бүгінде жоғары технологиялы салаға айналды. Қазір аймақта 177 медициналық ұйым жұмыс істейді. Оның ішінде, аурухана да, емхана да, дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік-акушерлік пункт

пен медициналық пункт те бар. Осы үлкен жүйеде 12 мыңнан астам медицина қызметкері еңбек етеді.

– Соңғы жылдары облыс медицинасының инфрақұрылымын жаңғыртуға айрықша көңіл бөледі. Мұндағы басты мақсат – сапалы медициналық көмекті тұрғындарға, әсіресе, шалғай ауылдағы ағайынға жақындату. Осы бағытта Ұлттық жоба аясында

ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту бойынша облыста 92 нысан салынды. Аймақта ірі медициналық жобалар да жүйелі іске асуда. Балқашта заманауи диагностикалық және емдеу жабдықтарымен қамтылған ауданаралық көпбейінді аурухана құрылысы аяқталды. Теміртауда ангиографиялық операциялық бөлім іске қосылды. Қарағандыда 200 орындық жаңа перинаталдық орталық салынууда. Ана мен бала денсаулығына арналған 25 ерте араласу орталығы ашылып, балаларды оңалту және паллиативтік көмек бағыттары да дамып келеді, – дейді облыстың денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Ләйла Оспанова.

Шыңдығында, медицинаның мерейі зәулім ғимаратпен ғана өлшенбейді. Оның шынайы бағасы – ауылдағы адамның аудан орталығына сабылмай, дер кезінде ем алуында. Сол себепті, жаңа нысандармен бірге кадр мәселесі де қатар шешіледі. Былтыр облысқа келген 195 жас маманның 70-і ауылдық аудандарға жолданды. Мамандарға көтермеақы төленіп, баспана, резидентура гранттары секілді қолдау шаралары қарастырылды. Нұра ауданында дәрігерлерге арналған 14 пәтерлі үйдің пайдалануға берілуі де – жас маманды ауылда тұрақтандыруға жасалған нақты қадам.

Жоғары технология десек, Х.Мақажанов атындағы көпсалалы ауруханада енгізілген Remebot RM-200 нейрорехирургиялық роботы да өңір медицинасының жаңа белесін айқындайды. Ми ісігі, эпилепсия, Паркинсон ауруы секілді күрделі жағдайларда жоғары дәлдікпен араласуға мүмкіндік беретін бұл жүйе – қарағандылық дәрігерлердің енді ең күрделі салаларда да батыл қадам жасап келе жатқанын аңғартады.

Тоқсан жылдық белесте Арқа медицинасының кешегі бастауы мен бүгінгі биігі осылай сабақтасып жатыр. Поспеловтар қалыптастырған дәрігерлер мектебі бүгінде жас мамандармен, жаңа технологиямен, ауылға жеткен медициналық көмекпен толығып келеді. Ал, өңір медицинасының шынайы мерейі – құрғақ көрсеткіште емес, аман қалған өмірде, үміті үзілмеген отбасында, ақ халатты жаңға айтылған шынайы алғыста.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БІЛІМ

Өркендеудің өзегі

Әр өңірдің мерейін өсіретін өз байлығы бар. Қарағанды үшін ол – жер қойнауындағы қазына ғана емес, саналы ұрпақ тәрбиелеген білім жүйесі. Тоқсан жыл ішінде шахтерлер өлкесі ғылым мен ағартудың да ордасына айналып, жүздеген мың түлекке өмір жолын ашты. Бүгінде заманауи мектептер, цифрлық технологиялар, халықаралық білім додаларындағы жеңістер мен білікті ұстаздар қауымы – Қарағанды білімінің жаңа келбетін айқындайтын басты құндылықтарға айналды.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде Қарағанды облысының білім беру жүйесі – еліміздегі ең ірі әрі дамыған жүйе. Өңірде 404 жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді. Оның 221-і – ауылдық мектеп. 415 мектепке дейінгі ұйым балдырғандарға тәрбие беріп, 51 колледжде ондаған мың студент еңбек нарығына қажетті мамандықтарды игеруде. Мыңдаған педагог күн сайын жас ұрпақтың сапалы білім алуына қызмет етіп келеді. Соңғы жылдары өңірдегі білім саласы тек сандық көрсеткіштермен ғана емес, сапалық өзгерістерімен де ерекшеленді. Әсіресе, инфрақұрылымды жаңарту мен цифрлық басқаруға көшу кезеңі ретінде есте қалды.

Қарағанды облысының мектептерінде жаңаша келбетте. Заманауи пәндік кабинеттер ашылып, бүгінде физика, химия, STEM және роботтехника кабинеттерінен қамту деңгейі өсіп келеді. «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен тірек ауыл мектептері жаңа зертханалармен, шығармашылық студиялармен жабдықталды. Ал, мектеп асханаларында «Әлеуметтік әмиян» жо-

басы іске қосылды. Цифрлық ваучер арқылы ата-аналар баласының тегін тамақтануын бақылап, көрсетілетін қызметтің сапасын бағалай алады.

Қарағанды оқушылары білім бәсекесінде де жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Халықаралық олимпиадаларда ондаған алтын, күміс және қола медаль жеңіп алған шәкірттер өңірдің ғана емес, елдің мақтанышына айналды.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде де ауқымды өзгерістер бар. Бүгінде колледждер өндірістің сұранысына сай мамандар даярлауға басымдық беріп отыр. Автокөлік жасау, цифрлық технологиялар, құрылыс салалары бойынша қабылдау айтарлықтай артты. Қарағанды кәсіби-техникалық колледжінің Цифрлық технологиялар және дизайн колледжі болып қайта құрылуы – уақыт талабынан туған шешім.

Қарағандының тоқсан жылдық тарихы – ұстаздардың адал еңбегімен, шәкірттердің талпынысымен жазылған тарих. Бұл өлкенің ең асыл қазынасы – білімді ұрпақ. Өндірісті де өркендететін, ғылымды да дамытатын, елдің ертеңі де айқындайтын – білімді, білікті азамат.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Талап тәртіпке шақырады



ЗАҢ МЕН ТӨРТІП
Қайыңсіз Қазақстан үшін!

Жол үстіндегі бір сәттік асығыстық кейде орны толмас өкінішке, тұтас бір отбасының қайғысына айналып жатады. Бағдаршамның қызыл түсін елемей, темір тұлпардың жылдамдығын шамадан тыс асыру – сырт көзге қарапайым ғана ереже бұзушылық көрінгенімен, мұның сыртында адам өмірі тұр. Сондықтан, жол қозғалысының қағидалары – құрғақ әкімшілік талап емес, жүргізуші мен жаяу жүргіншінің амандығын қорғайтын ортақ тәртіптің темірқазығы.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Kazakhstan»

Сандар нәм салғырттық

Аймақтағы ахуал расымен де алаңдатарлық. Жыл басынан бері қала аумағында 134 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, сегіз адамның өмірі қиылды. Тағы 154 тұрғын түрлі дәрежедегі жарақатпен ауруханаға түскен.

Мемлекет басшысы қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыруға үнемі баса мән беріп келеді. Бұл ұстаным тас жолдағы тіршілікке де тікелей қатысты. Өйткені, заңға бағыну – ең алдымен, көлік тізгініндегі және көшедегі мәдениеттен басталады. Жолдағы жауапкершілік тек айыппұлдан қорқумен шектелмеуі тиіс. Оның түпкі мәні – өзінің және өзгенің өміріне қауіп төндірмеу.

Қарағанды қалалық полиция басқармасының мәліметінше, шаһардағы апаттардың басым бөлігі – көліктердің өзара соқтығысуы. Одан бөлек, қиылыстар мен арнайы өткелдерде жаяу жүргіншілерге жол бермеу мәселесі де ушығып тұр. Тек осы себептің өзінен 55 апат тіркелген.

– Апаттардың көбеюіне бірнеше фактор әсер етіп отыр. Соның ішінде, жүргізушілердің жылдамдықты асыруы және қаладағы көлік санының күрт өсуі айқын байқалады. Кезінде қала көшелері жобаланғанда, көлік ағыны дәл қазіргідей деңгейге жетеді деп ешкім болжамаған еді. Соның салдарынан кейбір көшелерде кептеліс туындап, қауіпті учаскелер көбейді. Тар жол, күрделі бұрылыс, қозға-


лыстың дұрыс ұйымдастырылмауы – мұның бәрі жүргізушінің бір сәттік қателігін ауыр апатқа айналдыруы мүмкін. Сондықтан, біз қала көшелеріндегі жағдайды тұрақты зерделеп, кемшіліктерді жою үшін жергілікті билікке ұсыныстар беріп отырамыз, – дейді қалалық полиция басқармасы Әкімшілік полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Маураут Уахитов.

Кептелісті, қауіпті не сейілтеді?

Бүгінде жол-техникалық инспекциясы қаладағы 234 бағдаршам мен 13 мыңнан астам жол белгісінің жай-күйін жіті назарда ұстап отыр. Жол қозғалысын қауіпсіз ету үшін апат жиі болатын тұстарға арнайы топографиялық талдау жүргізіледі. Соның нәтижесімен жолды кеңейту, қосымша жолақтар қосу, бұрылыс тармақтарын ашу, жасанды кедергілер мен шу жолақтарын орнату сияқты инженерлік шешімдер қабылданады.

Мәселен, Тәттімбет көшесі мен Шахтерлер даңғылының қиылысы ұзақ уақыт бойы проблемалы нүктелердің бірі болды. Көліктер маневр жасағанда соқтығысып қала беретін. Осыны ескере келе, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қиылысты кеңейтіп, оңға бұрылатын арнайы тармақтар ашылды. Маураут Уахитовтың айтуынша, бұл жұмыстар бірден нәтиже берген – қазір кептеліс те, апат та саябырсыды.

Дәл осындай алдын алу шаралары Ключевая мен Четская көшелерінің қиылысында да іске асты. Апат көбейген соң бұл тұсқа жасанды кедергілер, шу жолақта-



Сурет: rpkzsk.info

ры мен қозғалысты реттейтін қосымша құралдар қойылды. Алдағы уақытта Университет көшесі мен Шахтерлер даңғылының қиылысын да қайта жаңғырту жоспарланды. 2026-2028 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында бұл қиылыс кеңейтіліп, қауіпсіздік деңгейі артнақ.

Ключевая мен Четская көшелері арқылы күн сайын жұмысқа қатынайтын қала тұрғыны Мақсат Ахметжанов та кейінгі оң өзгерістерді байқапты.

– Күнделікті күйбең тірліктің қарбаласымен асығып жүріп, қауіпсіздікті ұмытып қететініміз рас. Қазір бейнебақылау камералары мен авторадарлар қателігімізді бірден тіркеп, айыппұл салады. Бұған кейде ренжіп жатамыз. Бірақ, ойлап қарасақ, мұның бәрі өзіміздің амандығымыз үшін жасалуда. Бір-екі рет айыппұл төлеген соң сабақ

алып, тасжолда асықпай жүруді үйренесін. Асығыстық ешкімді ұшпаққа шығармайды. Қазір осы қиылыста жылдамдықты тежейтін құралдардың қойылғаны қуантады, бұл жүргізушілерді тәртіпке шақырады, – дейді ол.

Камера қалта қағу үшін емес

Бүгінде жол сақшыларына цифрлық технологиялар да демеу. 62 «Megacam Limit S» және 12 «ARGUS Пешеход» кешені тәулік бойы жұмыс істеп тұр. Бұл «қырағы көздер» жол ережесін бұзу фактілерін тіркеп қана қоймай, апатты аймақтардағы жағдайды тұрақтандыру үшін қойылған.

Талдау нәтижесімен биыл бірқатар камералар апат жиілейтін жаңа нүктелерге көшірілді. «Megacam Limit S» құрылғылары

Карл Маркс көшесі мен Шахтерский ықшам ауданының қиылысына, Магнитогорская мен Щорс көшелеріне және Бұқар жырау даңғылына ауыстырылды. Ал, «ARGUS Пешеход» кешендері Архитектурная, Майлин көшелеріне, 16-шағын ауданға және «Таир» сауда үйінің маңына орнатылды. M14 автожолы бойындағы «Nomad» спорт кешені маңына да жаңа жүйе қойылды.

Осы айда Жауынгер-интернационалистер көшесінде, саябақ кіреберісінде интеллектуалды жаяу жүргіншілер кешені іске қосылды. Ол құқық бұзушыны бет-алпетінен танып, қызыл жарықтан өткендерді дереу тіркейді. Дегенмен, камераның басты мақсаты – қалта қағу емес, мінез-құлықты өзгерту, тәртіпке шақыратын алдын алу тетігі болу.

Құқық бұзушылықтардың жо-

лын кесу де назардан тыс қалған жоқ. Жарты жыл ішінде патрульдік полиция 45 мыңнан астам әкімшілік іс қозғап, екі мыңға жуық көлікті айып тұрағына жапты. Өсіресе, мас күйінде рөлге отырған 300-ге жуық жүргізуші ұсталып, қарсы жолаққа шыққандар мен жаяу жүргіншіге жол бермегендер қатаң жазаланды.

Жолдың сапасы да – қауіпсіздіктің басты шарты. Өткен жылы шаһарда 800 жол белгісі орнатылып, 32 жаңа бағдаршам (оның 19-ы мектептер маңында) іске қосылды. Кептелісті азайту үшін Бөкетов – Мұқанов, Сарыарқа – Шахтерлер, Бұқар жырау – Космонавтар – Гоголь қиылыстарында арнайы жол тармақтары (гармош-калар) салынды. Жаз шыға Тәттімбет, Шахтерлер, Республика, Сарыарқа, Қазақстан, Степная, Ерубаев, Бирюзов сынды оннан астам орталық және қосалқы көшелерде жөндеу жұмыстары қарқын алды.

Айыппұлдан емес, апаттан сақтанылық

Жол бойындағы әрбір белгі, қағылған әрбір бағана, жанарған әрбір қиылыс – ең алдымен, адам өмірінің күзетшісі. Бірақ қауіпсіздік, тек темір-терсекпен, смарт-камералармен ғана орнамайды. Жүргізуші темір тұлпардың жылдамдығын тізгіндесе, жаяу жүргінші тек рұқсат етілген өткелден өтсе ғана дұттеген мақсатқа жетеміз.

Жолдағы тәртіпті тек айыппұлдан қорқу деп ұғынбау керек. Бұл – өзінің ғана емес, өзгенің өмірі, бөгенің тағдыры алдындағы азаматтық жауапкершілік. «Заң мен тәртіп» қағидатының нақты көрінісі де осы. Өйткені, жол қауіпсіздігі жазылған хаттамамен немесе бағанадағы камера санымен емес, аман қалған адам өмірімен, бүтін сақталған отбасының бақытымен өлшенеді.

ҚАРАҒАНДЫ

Болат жолдың бойында береке бар

(Соңы. Басы 1-бетте).

– Жоспар бойынша 38,1 шақырым жол орташа жөндеуден өтеді. Тағы 53 шақырымға күрделі жөндеу жүргізіледі. Бұл жұмыстар қозғалыс қауіпсіздігін сақтауға және тасымалдың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған, – дейді филиал директоры.

Теміржолдағы қарқын өндірістік көрсеткіштерден де аңғарылады. Биылғы бес айда жүк айналымы бойынша техникалық жоспар 103,3 пайыз орындалған. Көрсеткіш былтырғы осы кезеңнен 22 пайыз жоғары. Вагондардың орташа тәуліктік тиелуі жоспардың 101 пайызын құрап, өткен жылмен салыстырғанда 16 пайыз өскен.

Локомотив паркі де толығып келеді. Жаңаарқа пайдалану депосына тоғыз, Балқаш депосына бес, Қарағанды депосына сегіз CKD6S локомотиві берілген. Барлығы – 22 жаңа техника. Олар вагондарды сұрыптау, пойыз құрамын жасақтау және станция ішіндегі жүкті реттеу жұмыстарында пайдаланылады.

Жаңа меженің бастауы

Сарыарқадағы маңызды бекеттердің бірі – Мойынты. Былтыр «Достық-Мойынты» бағытындағы екінші жолдың құрылысы аяқталды. Қазір бұл учаскеде пойыздар екі бағытта үздіксіз қатынап жүр.

Ендігі үлкен міндет – «Мойынты-Қызылжар» жаңа теміржол желісін салу. Оның жалпы ұзындығы – 323,3 шақырым. Қанат Жұмашевтің айтуынша, шамамен 120 шақырымы Қарағанды облысының аумағымен өтеді. Жоба шеңберінде 15 жаңа станция мен бекет салу көзделген.

Жаңа желі іске қосылғанда жүк пойыздарының жолы 149 шақырымға қысқарады. Жаңаарқа торабы мен «Мойынты-Жарык» учаскесіне түсетін салмақ азаяды. Контейнерлік пойыздардың қозғалысы ширайды. Елдің батысына қарай жаңа әрі қысқа бағыт



қалыптасады.

Аукымды құрылыс рельс төсеумен ғана бітпейді. Жаңа жұмыс орындары ашылады. Шағын станциялардың тіршілігі жанданады. Жол бойындағы елдімекендерге инженерлік және әлеуметтік серпін келеді.

Жолаушы жолы тоғысқан бекет

Қарағанды – Алтай мен Атырауды, оңтүстік пен солтүстікті жалғаған ірі торап. Облыста 37 теміржол вокзалы мен 78 станция тұрақты жұмыс істейді. Жолаушылар пойызы 57 бағытта қатынайды. Соның 36-37-сі күн сайын жолға шығады.

Вокзалда да қысы-жазы адам қарасы үзілмейді. Мұнда тәулігіне орта есеппен 10 мыңға жуық адам болады. Бірі сапарға шығады. Бірі жолаушысын күтіп алады. Енді бірі жақынын шығарып салады.

Қарағанды станциясына 25

жүп жолаушылар пойызы, яғни, екі бағытты қосқанда 50 пойыз аялдайды. Бұған қоса 11 электропйыз қатынайды. Қарағанды арқылы 23 жол республикалық бағыттағы пойыз өтеді.

Қаладан Мәскеу, Маңғыстау, Қостанай және Балқаш бағыттарына бес жүп пойыз тікелей жолға шығады. Балқаш бағытына тұрақты және жазғы қосымша пойыз қатынайды.

– Алматы, Шымкент, Астана, Балқаш пен Жезқазған бағыттарына сұраныс жоғары. Жаз мезгілінде Бұрабайға, Балқашқа, Алакөлге және Ресейге баратын жолаушылар саны көбейеді. Қарағанды тоғыз жолдың торабында тұрғандықтан, вокзалдағы қозғалыс жыл бойы бөсеңдемейді, – дейді Қарағанды теміржол вокзалының басшысы Шерхан Несіпбек.

Жолаушының сапары вагонға мінгенде емес, вокзал табалдырығын аттағанда басталады. Сондықтан, күту залының жайы,

кассаның жұмысы, пойыз туралы мәліметтің дер кезінде берілуі маңызды.

Биыл облыстағы 10 теміржол вокзалы мен төрт жолаушылар платформасы жаңғырту жұмыстарына енгізілді. Соның ішінде, 1936 жылы салынған Ақардүр мен Мойынты вокзалдары күрделі жөндеуден өтті.

Вокзалдың жайлылығы жаңа орындықпен немесе жарқыраған залмен ғана өлшенбейді. Оның басты өлшемі – әр адамның пойызға еш кедергісіз жетуі. Қарағанды вокзалында ерекше қажеттілігі бар жолаушылар үшін төрт пандус пен бір көтергіш орнатылған. Бес кассаның бірінің терезесі төмендетіліп жасалған. Қажет болғанда вокзал кезекшілері жолаушыны қарсы алып, қассаға, күту залына және пойыз вагонына дейін алып барады.

Бұл қызметті былтыр 2380 адам пайдаланған. Биылғы алты айда 1027 жолаушыға көмек көрсетілген.

Жаңа жүйе, жас буын

Теміржол саласы уақыт талабына сай жаңарып келеді. Қарағанды бөлімшесінде E-Telegram ақпараттық жүйесі қолданылады. Қызметтік жеделхаттар мен қозғалысқа қатысты ескертулер электронды түрде жіберіледі. Бұрын қағазға басылатын вагон парактары цифрлық жүйеге көшіру жұмысы да басталған.

«Көкпекті-Қарағайлы» желісінде «Аймақ Rail» жобасы сынақтан өтуде. Жүйе пойыздар арасындағы аралықты реттеп, жүктемесі төмен желінің өткізу мүмкіндігін арттыруға арналған.

Жаңашылдықты алға бастайтын – жас мамандар. Өңірде 1290 жас қызметкер еңбек етеді. «КТ-Ж-ның 100 жас тұлғасы» жобасына 11 адам қатысқан. Жастар кадрлық резервіне алынған сегіз маманның бесеуі жоғары қызметке өскен.

Жолмен бірге жылжыған ғұмыр

Осынау тынымсыз тіршіліктің қайнаған ортасында, жолаушылардың амандығы мен жайлылығын күзететін – жолсеріктер. Теміржол саласында талай жыл табан аудармай еңбек етіп, осы мамандықтың ыстығы мен суығына қатар төзе білген ардагер жолсерік Гүлбаршын Серікқызы үшін пойыз үсті – тұтас бір өмір мектебі.

– Шыны керек, бүгінгі күнмен кешегі күннің арасында жер мен көктей айырмашылық бар, – деп еске алады Гүлбаршын апай.

– Кеңес дәуіріндегі пойыздарда небір алмағайып, тіпті, киноға бергісіз қызық оқиғаларды бастан өткердік. Ол кезде қазіргідей цифрландырылған қатаң жүйе жоқтың қасы. Барлық шаруа, бақылау тек адамдардың қолымен жүзеге асады. Бірде кішігірім станциялардың бірінен-бір жолаушы мінді. Үсті-басына, жүріс-тұрысына қарасаң, құдды бір қашқын секілді. Бірақ біз, жолсеріктер, жолаушыны алаламаймыз ғой, кім екенін де білместен әдеттегідей құшақ жая қарсы алып, орнына жайғастырдық. Сөйтсек, ол шалғай ауылдан

мал ұрлап, дымын білдірмей ізін суытпақ болған адам екен.

Пойыз үлкен вокзалға келіп тоқтағанда, күтпеген жерден қатаң тексеріс басталады. Тәртіп сақшылары тұтас эшелонды бастан-аяқ тіпті шығады. Тексеріс кезінде жолсеріктер бағанағы күдікті жолаушы туралы мән-жайды айтып береді. Іздеу жұмыстары басталған сәтте әлгі «қашқын» пойыз ішінен сытылып шығып үлгерген екен, алайда, көп ұзамай бәрібір құрыққа түсіпті. Осындай шытырманға толы сәттерді езу тарта еске алған Гүлбаршын Серікқызы сияқты тәжірибелі мамандардың әр сапары – бөлек бір тарих.

Қозғалысқа жан бітіргендер

Теміржолшының аясына сан түрлі мамандық сыйып тұр. Машинист пойызды қозғалысқа келтіреді. Диспетчер толассыз ағынды реттейді. Вагон қараушы сапар қауіпсіздігін тексереді. Жолсерік әр жолаушының амандығына жауап береді. Бір қарағанда, пойыз өздігінен жүйткіп бара жатқандай. Шын мәнінде, оның әр шақырымында адам еңбегі жатыр.

Кеншілер өлкесі үшін теміржолдың орны тіпті бөлек. Сарыарқа төсіндегі алып торап елдің шығысы мен батысын, оңтүстігі мен солтүстігін тұтастырып тұр. Мұнда жүк легі тоқтамайды. Жолаушылар ағыны да бір сәтке үзілмейді.

Әр жеткізілген жүктің артында үлкен еңбек, әр сапардың соңында асыға күткен ыстық қауышу бар. Теміржол бойындағы тіршілік бір сәтке де тоқтамайды. Ал елді елге, жерді жерге жалғаған сол қозғалысқа жан бітіретін – теміржолшылар.

Мерекелеріңізбен, құрыш жолдың шеберлері!

Суреттер

Қарағанды вокзалынан және

«КТЖ ҰҚ» АҚ –

«Қарағанды магистральдық желі бөлімшесі филиалынан

Ұлы Дала һәм мұра

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында: «Біз бай тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау үшін археология саласында тәртіп орнатуымыз керек», – деп, көне ескерткіштерді қорғау, ғылыми тұрғыдан зерттеу және келер ұрпаққа аман жеткізу ісін мемлекеттік деңгейдегі маңызды міндет ретінде айқындаған еді. Осы тұрғыдан алғанда, Сарыарқаның сайын дала-сындағы Талды тарихи-археологиялық алқабы – осы міндеттің мәнін айқын аңғартатын бірегей мекен. Мұндағы әр тас үйіндісі мен көне қорым – өткеннің көмескі журнағы ғана емес, Ұлы далада қалыптасқан өркениеттің, сәулет пен жерлеу дәстүрінің, қоғамдық қатынас пен дүниетанымның заттай айғағы.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қорғау – бүгіннің аманаты

Көне мұраны зерттеу – істің бір бөлігі ғана. Оны табиғи бүлінуден, заңсыз қазбадан және шаруашылық әрекеттің салдарынан қорғау – одан да үлкен жауапкершілік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында қазба жұмыстарына лицензия беру тәртібін жетілдіруді, заңсыз археологиялық әрекеттерге жауапкершілікті күшейтуді, ескерткіштерді қалпына келтіру ісін жүйелеуді тапсырды. Бұл – Талды секілді ашық далада жатқан күрделі кешендерге тікелей қатысты міндет.

Қазір әлемнің әр түпкіріндегі ғалымдардың назарын аударып отырған бұл алқаптағы Қаражар-тас, Ақкөз, Нұраталды, Табылды секілді ескерткіштер Сарыарқада сан мың жыл бұрын күрделі қоғамдық құрылым мен жоғары деңгейдегі тас сәулеті қалыптасқанын көрсетеді. Сондықтан, Талдының



тағдыры археологтардың қазба жұмысымен ғана шектелмейді. Оны ғылыми айналымға енгізу, цифрландыру және халықаралық деңгейде таныту – Мемлекет басшысы жүктеген міндеттердің өңірдегі нақты жалғасына айналуға тиіс.

Талды тарихи-археологиялық паркінің аумағында әр дәуірге тән 200-ге жуық ескерткіш шоғырланған. Қорымдар, көне қоныстар, ғұрыптық орындар мен тас құрылыстар ежелгі дала тұрғындарының тұрмысын, дүниетанымын, қоғамдық құрылымын танытады. Бұл өлкені ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттеудің алғашқы кезеңі академик Әлкей Марғұлан басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясымен байланысты. 1947-1964 жылдар аралығында жүргізілген барлау мен қазба жұмыстары Талды алқабының тарихи маңызын айқындаса, 2011 жылдан бері зерттеудің жаңа кезеңі басталып, тың материалдар ғылыми айналымға ене түсті.

Тасқа түскен өркениет ізі

Алқаптағы ең әйгілі нысан – Қаражартас қорымы. Сатылана қаланған сыртқы пішініне байланысты жұрт оны шартты түрде

«пирамида» деп атайды. Алайда, ол Мысыр құрылысын қайталаған ескерткіш емес, Сарыарқа төсінде қалыптасқан өзіндік жерлеу-сәулет дәстүрінің айрықша үлгісі. 2016 жылы басталған зерттеулер бұл кешеннің қола дәуіріндегі қоғамның әлеуметтік жіктелуі, сәулет өнері мен ғұрыптық танымы туралы маңызды мәлімет беретінін көрсетті.

– Қаражартас пирамидасының ерекшелігі – оның бірегейлігінде. Мұндай құрылым Қазақстан аумағында сирек кездеседі. Ғалымдар оны соңғы қола дәуірімен, Бегазы-Дәндібай мәдениетімен байланыстырады. Хронологиялық тұрғыдан алғанда, ескерткіш біздің дәуірімізге дейінгі XIV-XV ғасырларға тиесілі деген ғылыми пайым бар. Бұл кезең – Орталық Қазақстанда күрделі әлеуметтік құрылым қалыптасып, жерлеу дәстүрі мен тас сәулеті жоғары деңгейге жеткен уақыт. Қаражартастың орталық бөлігінде бір адам жерленген. Оның маңындағы қосымша жерлеу орындары сол дәуірдегі әлеуметтік қатынастар мен дүниетанымнан хабар береді. Кейбір болжамдарға қарағанда, негізгі жерленген адамның айналасында оның отбасы мүшелері немесе мәртебесі жоғары ортаға

жақын адамдар жерленуі мүмкін. Мұның өзі Қаражартастың қарапайым қорым емес, белгілі бір әлеуметтік мәні бар күрделі ғұрыптық нысан екенін аңғартады, – деді Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті жанындағы «Сарыарқа» археологиялық институтының директоры Алексей Кукушкин.

Қаражартастан табылған қыш сынықтары, адам сүйектерінің қалдықтары мен тас құрылыстың сәулеттік белгілері жеке-жеке қарағанда шағын ғана айғақ секілді. Бірақ, археолог үшін әрбір өрнек, жерлеу бағыты мен құрылыс тәсілі сол заман адамның әлемді қалай қабылдағанын қалпына келтіретін тұтас мәлімет. Сондықтан, бұл алқаптағы әр қазба жаңа олжадан бұрын жаңа сұрақ тудырады.

Талдының құндылығы Қаражартаспен ғана шектелмейді. Ақкөз қонысы қола дәуіріндегі отырықшылық пен металл өңдеу ісінің жоғары деңгейін аңғарта, Табылды қорымынан анықталған жұп жылқы жерлеуі арба мәдениеті мен аттың ғұрыптық орнын айшықтайды. Түрлі кезеңдерге жататын жерлеулер мен жәдігерлер бұл өңірде мәдени сабақтастықтың үзілмегенін көрсетеді. Бір кеңістікте бірнеше тарихи дәуірдің ізі қа-



МӘДЕНИ МҰРА

тар сақталуы – Талдының ғылым үшін басты ерекшелігінің бірі.

Талдыға көз тіккен әлем

Биыл облыс әкімдігінің қолдауымен Талды төрінде өткен халықаралық ғылыми симпозиум осы бағыттағы жұмыстың жаңа белесін аңғартты. Қазақстанмен қатар, Түркия, Германия, Мажарстан және Ресейден келген археологтар, антропологтар, реставраторлар мен музей мамандары алқаптың тарихи құндылығын әр қырынан саралады. Ақкөз қорымынан табылған адам сүйектеріне жасалған антропологиялық талдау, археоботаника мен археометрия әдістері, жаңа қазбалардың алғашқы нәтижелері ұсынылды. Ортақ жобалар мен ғылыми байланыстар туралы келісімдер де Талдының енді аймақтық қана емес, халықаралық зерттеу алаңына айналып келе жатқанын байқатты.

Сарыарқаның сайын даласы сырт көзге маң даламен тұтасып жатқан меніреу кеңістік секілді. Ал, зер сала үйілсеңіз, әр төбесі мен тас үйіндісі талай ғасырдың үнсіз куәсіндей сыр шертеді. Шет ауданындағы Талды алқабы – сондай көмбелі тарихтың ең қалың қатпарлары сақталған мекен. Қола дәуірінен бастап ерте темір ғасыры мен орта ғасырларға дейін созылған ұзақ жолдың таңбасы осы алқапта бір-бірімен астасып жатыр. Сондықтан, Талдыны бір ғана археологиялық нысан емес, Ұлы дала өркениетінің бірнеше мыңжылдық шежіресін тұтастырып тұрған тарихи кеңістік деп бағалаған жөн.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Туризмге серпін береді

Ақтоғай ауданындағы көрікті Бектау ата шатқалына апаратын жолға жарты ғасырдан кейін алғаш рет асфальт төселіп, құрылыс жұмыстары толық аяқталды. Ұзындығы 12 шақырымды құрайтын жолды жергілікті «Тастемір» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жанартты.

Жол құрылысы Ақтоғай аудандық бюджеті есебінен жүзеге асырылды. Жалпы жобаға 860 миллион теңге бөлініп, Бектау атаға апаратын жол заман талабына сай жаңғыртылды. Жаңа асфальт жол тұрғындардың қатынасын жеңілдетіп қана қоймай, өңірге келетін туристер үшін де қолайлы жағдай жасады. Бұрын қиыршық тас жолмен қатынауға мәжбүр болған демалушылар енді табиғаты ерекше мекенге қауіпсіз әрі жайлы жете алады.

Айта кетейік, Бект ауата – Қарағанды өңірінің табиғи-тарихи мұрасының бірі. Жанар-тылған жол ішкі туризмнің дамуына ықпал етпек.

Жол инфрақұрылымын жаңғырту өңірдің туристік әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды жобалардың бірі саналады. Мамандардың айтуынша, Бектау атаға апаратын сапалы жолдың пайдалануға берілуі табиғи-тарихи нысанға келушілер санын көбейтіп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін береді. Сонымен қатар, бұл жоба туристік қызмет көрсету сапасын жақсартып, жергілікті кәсіпкерліктің дамуына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына оң ықпал етеді деп күтілуде.

Өз тілшімізден

Ақтоғай ауданы

Сарыарқаның жауһары

Сарыарқаның сайын даласында үнсіз ғана сыр бүгін жатқан бір мекен бар. Ол – Бектау ата. Алыстан қарағанға бұл тау көкжиекпен тілдескен алыптың бейнесіндей көрінеді. Оның қатпар-қатпар тастары уақыттың таңбасын сақтаған көне кітап секілді. Әрбір жартасы, әрбір үңгірі, әрбір бұлағы бізге өткеннен жеткен үнсіз шежіре. Бектау ата – табиғаттың адам қолы тимеген ғажайып мүсін өнері. Мұнда жел де, жаңбыр да, уақыт та бірлесіп, қайталанбас көркем дүние жасағандай. Бір қарағанда қатал гранит қабырғалары суық сезілгенімен, тау қойнауына енген сайын оның жүрегінде бір жылылық барын аңғарасыз.



Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тасқа жазылған ертегі

Балқаш қаласының оңтүстік-шығысында шамамен 60 шақырым жерде орналасқан Бектау ата тауы – Солтүстік Балқаш өңірінің ең көрікті табиғи нысанының бірі. Бірнеше шоқыдан құралған бұл тау солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 7 шақырымға созылып жатыр. Ені шамамен 3 шақырымды құрайды, ал ең биік шыңы 1213 метрден асады. Ғалымдардың зерттеуінше, Бектау ата – көне замандарда атылмай қалған жанартау сілемі. Оның негізін ірі түйіршікті гранитоидтар құрайды. Миллиондаған жылдар бойы табиғи күштердің әсерінен тау жыныстары ерекше пішіндерге енген. Сондықтан, Бектау атаның әрбір тасы – жер тарихының қатпарлы шежіресі.

Бектау атаға келген адам, ең алдымен, оның ерекше келбетіне таңырқайды. Мұндағы жартастар

кейде алып сарайларға, кейде ертегі кейіпкерлеріне, кейде аспаннан түскен жұмбақ дүниелерге ұқсайды. Табиғаттың өзі қашаған бұл мүсіндер адам қиялына қанат бітіреді.

Тау қойнауындағы ең белгілі орындардың бірі – «Әулие үңгірі». Ол Бектау атаның күнбатыс жағында, 80-100 метр биіктікте орналасқан. Үңгірдің ұзындығы шамамен 45-48 метрге жетеді. Кіреберіс бөлігінің биіктігі 3 метр, ені 1,5 метр шамасында. Үңгірдің ішкі бөлігінде мөлдір көлшік бар. Жергілікті халық бұл суды қасиетті санап, ғасырлар бойы ерекше құрмет көрсетіп келеді.

Бектау атаның табиғи ерекшелігі – оның шөлейт дала ортасындағы жасыл арал іспетті болуында. Тау шатқалдарында бұлақтар, шағын тоғайлар, өсімдікке бай алқаптар кездеседі. Кезінде бұл жерде 30-ға жуық бұлақ болғаны айтылады. Қазіргі таңда олардың бір бөлігі тартылып, шамамен онға жуығы ғана тұрақты ағып жатыр.

Экологиялық туризм мекені

Қазіргі таңда Бектау ата Қазақстандағы табиғи туризмді дамытуға қолайлы аймақтардың бірі болып саналады. Оның ерекше ландшафты, таза ауасы, тарихи аңыздары мен табиғи нысандары саяхатшыларды өзіне тартады.

Бұл өңірде экологиялық туризм, жаяу серуендеу бағыттары,



Бектау ата тауы – Солтүстік Балқаш өңірінің ең көрікті табиғи нысанының бірі. Бірнеше шоқыдан құралған бұл тау солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай 7 шақырымға созылып жатыр. Ені шамамен 3 шақырымды құрайды, ал ең биік шыңы 1213 метрден асады. Ғалымдардың зерттеуінше, Бектау ата – көне замандарда атылмай қалған жанартау сілемі. Оның негізін ірі түйіршікті гранитоидтар құрайды.

тау туризмі, альпинизм, фото-туризм, ғылыми-зерттеу саяхаттары үшін үлкен мүмкіндік бар. Жаз мезгілінде Бектау атаға Қазақстанның әр өңірінен туристер келеді. Олар шатқал ішінде серуендеп, тау көріністерін тамашалап, табиғат аясында демалады. Кемпинг құрып, бірнеше күн бойы дала тынысын сезінетін саяхатшылар саны жыл сайын артып келеді. Бектау ата – Астана мен Алматы бағыттарын байланыстыратын маңызды көлік жолына жақын орналасқандықтан ішкі туризмді дамытуға өте қолайлы аумақ. Бұл қасиетті мекен болашақта халықаралық деңгейдегі табиғи туризм орталығына айналу мүмкіндігіне ие.

Бектау ата табиғатының басты ерекшеліктерінің бірі – өсімдіктер дүниесінің байлығы. Ғалымдардың мәліметі бойынша, бұл аймақта өсімдіктің 100-ге жуық түрі таралған. Олардың ішінде 40-тан астамы сирек кездесетін өсімдіктер қатарына жатады.

Бектау ата аумағында Қазақстанның Қызыл кітабына ен-

ген 8 өсімдік түрі кездеседі. Бұл – өңірдің табиғи маңызын көрсететін үлкен көрсеткіш. Сонымен қатар, осы аймақта өсетін өсімдіктердің бірі таудың атымен «Бектау ата» деп аталады. 1982 жылдан бастап Бектау атада Солтүстік Балқаш өңіріндегі республикалық маңызы бар ботаникалық қорық ұйымдастырылған. Бұл шешім аймақтың ерекше табиғи байлығын сақтауға бағытталған.

Киелі мұраны сақтау – міндет

Бектау ата тек өсімдіктерімен ғана емес, жануарлар дүниесімен де құнды. Бұл өңірде арқар, түрлі дала аңдары және сирек кездесетін жануарлар мекендейді. 1938 жылы белгілі зерттеуші В.Селевин Бетпақдала экспедициясы барысында ерекше кеміргіш түрін анықтаған. Кейін бұл жануар ғылымда «Селевин жалманы» деген атауға ие болды. Оның негізгі мекендерінің бірі – Бектау ата бөктері. Аймақта құстардың да көптеген түрлері кездеседі. Бектау ата мен оған жақын аумақтарда дала және таулы аймақтарға тән құстар мекендейді. Олардың ішінде сирек кездесетін, қорғауды қажет ететін түрлер бар. Қазақстанның Қызыл кітабына енген құстардың қатарына жататын кейбір түрлер осы өңірдің табиғи тепе-теңдігін сақтауда маңызды рөл атқарады.

Аңыз бен ақиқат

Әрбір қасиетті мекеннің өз тарихы, өз аңызы болады. Бектау ата туралы халық арасында көптеген аңыз сақталған. Бір аңызда елін жаудан қорғаған Бектау атты



ІШКІ ТУРИЗМ

дана қария туралы айтылады. Ол халыққа пана болып, кейін таудағы үңгірге кеткен деседі. Қарттың қасиетін құрметтеген жұрт бұл тауды «Бектау атаның тауы» деп атаған. Тағы бір аңызда жаудан қашқан Атабек есімді адамның осы таудағы үңгірге жасырынғаны, сол жерде мөлдір бұлақ пайда болғаны баяндалады. Бұл аңыздардың барлығы халықтың табиғатпен етене байланысын көрсетеді. Қазақ үшін тау – жай ғана тас емес, ол – рухани белгі, өткеннің куәсі.

Бектау ата – «Қазақстанның киелі жерлері» жобасына енген ерекше орынның бірі. Ол «Ерекше қорғалатын табиғи мұра ескерткіштері» санатына енгізілген. Бұл мекеннің әрбір тасы, әрбір бұлағы, әрбір өсімдігі – ұрпақтан ұрпаққа жеткен аманат. Табиғатты қорғау – тек қоршаған ортаны сақтау емес, халықтың тарихи жадын сақтау.

Бектау атаның тағдыры – баршаға ортақ мәселе. Табиғи байлықты пайдалану кезінде оның экологиялық тепе-теңдігін сақтау қажет. Себебі, мыңдаған жылда қалыптасқан табиғи ғажайыпты бір сәтте жоғалтып алуымыз мүмкін. Бектау ата – Сарыарқаның жүрегінде тұрған үнсіз алып. Оның асқар шырдары мен терең үңгірлері, мөлдір бұлақтары мен көне тастары бізге бір ақиқатты еске салады: адам табиғаттан биік емес, адам табиғатпен бірге өмір сүргенде ғана өзінің болмысын табады.

Айта кетейік, осындай қасиетті мекенді қорғау – баршамыздың парызымыз. Бектау ата – қазақ даласының көркі ғана емес, келешек ұрпаққа қалатын қасиетті мұра.

Суреттер автордан

• БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Жеңіс жылнамасының бастауы

Ауылдың ажарын ашатын да, әлеуетін арттыратын да – ел игілігіне берілген әлеуметтік нысан-дар. Кейінгі жылдары ауылдық жерлерде халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған игі бас-тамалар жүйелі жүзеге асып келеді. Күні кеше Шет ауданына қарасты Кеншоқы кентінде заманауи спорт кешенінің құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілді. Спорт кешенінің ашылуына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев арнайы қатысып, тұрғындардың қуанышына ортақтасқан болатын. Әрі ауылдық жерлерде бұқаралық спортты дамытып, балалар мен жастардың денсаулығын нығайту-да, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін атап өтті.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мыңға жуық тұрғыны бар шағын ғана ауыл үшін көптен күткен жаңалық. Бүгінде бұл ғи-маратты ауыл тұрғындары жас ұрпақтың болашағына салынған инвестиция, ауыл спортының ты-нысын кеңейтетін маңызды қадам деп отыр. Екі қабатты кешеннің жалпы аумағы 1236,4 шаршы метр. Былтыр құрылыс жұмыс-тарын «AzStroyGroup» ЖШС мойнына алып, биыл белгіленген мерзімде ауыл тұрғындарының игілігіне ұсынды.

– Бұл рәсім негізінде мүлкті мемлекет қажеттілігі үшін сатып алу тегігі арқылы жүзеге асырыл-ды. Осыған байланысты былтыр Шет ауданының мемлекеттік ак-тивтерді басқаруға жауапты ме-кемесі тиісті хабарландыру жариялаған. Конкурс қорытындысы бойынша «AzStroyGroup» ЖШС ғимаратты өз қаражаты есебінен салып, пайдалануға берді. Кейін нысанды заң талаптарына сәйкес мемлекет меншігіне сатып алу рәсімі жүргізілді. Бүгінде ғимарат барлық белгіленген талаптарға то-лық сәйкес келеді. Бүгінде бұл ғи-марат ауыл тұрғындарының ортақ игілігіне айналды. Оның игілігін ауылдың үлкені де, кішісі де көріп отыр, – деді аудандық құрылыс бөлімі басшысының міндетін атқарушы Дәурен Даткин.

Ғимараттың әрбір бөлмесі спортшылардың қолайлы жағдай-да жаттығуына лайықталып жоба-ланған. Бірінші қабатында аумағы 836,81 шаршы метрді құрайтын кең футбол алаңы бар. Ауылда түрлі деңгейдегі жарыстар мен оқу-жаттығу жиындары дәл осы жерде өткізіледі. Сонымен қатар, мұнда ерлер мен қыз балаларға арналған жеке киім ауыстыру бөл-месі, душ кабинасы, санитарлық тораптар, жаттықтырушы каби-неті мен инженерлік-техникалық бөлмелері де қарастырылған. Ал, екінші қабатында бокс және күрес залы бар. Бүгінде ауыл жастары жекпе-жек спорт түрлерімен жүй-елі айналысуы үшін осы үйірме-лерге тіркеліп те үлгеріпті. Бұдан былай жас спортшылар алысқа қатынамай-ақ, туған ауылында тәжірибелі бапкерлердің жетек-

шілігімен жаттығып, шеберлік-терін шыңдай түспек.

– Кешеннің инженерлік ин-фрақұрылымы да заманауи талаптарға толық сай. Нысанда қуаттылығы 600 киловаттық екі қазандық орнатылып, жылу жүйесінің жұмысы GPS арқылы үздіксіз бақылауға алынған. Бұл

мектеп оқушыларынан бастап, са-ламатты өмір салтын серік еткен ауыл ақсақалдары да бар.

– Әсіресе, ұлттық спорт – қа-зақ күресі мен дзюдо секциялары-на келушілер көп. Кеншоқылық жас спортшылар қазірдің өзінде облыстық, республикалық дең-гейдегі турнирлерде бақ сынап,



кешеннің тұрақты әрі тиімді жұ-мыс істеуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қызметкерлер үшін арнайы демалыс бөлмесі, душ кабиналары мен санитарлық тораптар қарастырылған. Мұн-дай заманауи спорт кешені ауыл жастарының спортпен жүйелі түрде айналысуына жол ашып отыр. Болашақта осы жерден рес-публикалық және халықаралық жарыстарда ел намысын қорғай-тын талантты спортшылар шыға-ды деген үміттеміз, – делі Дәурен Қуанышұлы.

Спорт кешенінде бүгінде 15-ке жуық маман еңбек етеді. Ең бас-тысы, мұндағы барлық спорт үй-ірмелері мен жаттығу сабақтары тұрғындар үшін толықтай тегін ұйымдастырылған. Қазіргі таңда ауыл тұрғындарының 300 адамға жуығы спортқа жарамдылардың санатында. Олардың қатарында

жоғары нәтижелер көрсетіп жүр. Жарыстарға қатысу шығындары аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі тарапынан жүйелі түрде қаржыландырылады. Кешеннің салтанатты ашылуына облыс әкімі арнайы қатысып, нысанның құрылыс сапасы мен әлеуметтік маңызына жоғары баға берген болатын. Тіпті, осы сәтті жобаны үлгі ретінде алып, ұқсас спорт кешенін Өспен ауылында да салу жөнінде тапсырма беріл-ді. Бүгінде бұл бастама жүзеге асырылып, құрылыс жұмыстары қарқын алған, – деді аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Дидар Нықаш.

Кезінде ауылдағы тар спорт залында жаттығып, үлкен арена-ларда белдесуді армандаған ауыл балалары бүгінде туған өлкесін-де жас ұрпақты спортқа баулып жүр. Жаңа спорт кешенінде қазақ

күресінен үйірме ашып, болашақ чемпиондарды тәрбиелеуге ден қойған бапкерлердің бірі – Бекнұр Әбдіғалым. Өзінің спорттағы жо-лына он жылдан асқан. Осы уақыт ішінде тәжірибе жинақтап, түрлі жарыстарда шыңдалып, соңғы үш жылға жуық уақыттан бері бап-керлік қызметті қатар алып келеді. Бұған дейін жергілікті мектептің шағын спорт залында шәкірттерін жаттықтырып, оларды облыстық және республикалық жарыстарға қатыстырып жүрген. Биыл жыл басында жаңа спорт кешені пай-далануға беріліп, жас балуандарға жаңа мүмкіндіктерге жол ашты.

– Мектеп залында мүмкіндік шектеулі болды. Зал тар, балалар алма-кезек келетін. Жуынатын бөлме қарастырылмаған. Акроба-тика мен гимнастикалық элемент-терге арналған құралдарды өзіміз икемдеп пайдаланып, кілемдерді күнде жайып, жинап жүрдік. Биыл ауылымызда заманауи Дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылып, қуанышымызда шек болмады. Іші заманауи талапқа сай жабдықталған. Арнайы күрес залы, тренажерлер, киім ауысты-ратын және жуынатын бөлме-лер толығымен қарастырылған. Өзім бала кезде «Осындай залда дайындалсам екен» деп арман-дайтынмын. Бүгінде соның бәрі жүзеге асып, ауыл балаларының толыққанды спортпен айналы-суына мүмкіндік туды. Қазіргі уақытта екі ауысым бойынша 20-дан астам бала тұрақты түр-де жаттығып жүр. Біз негізінен қазақ күресі мен дзюдо спорт түрі бойынша дайындаймыз. Екі



Еске алу

Жарық кентінің тұрғыны болған асқар тау әкеміз Төленберген ӘБЕУҰЛЫНЫҢ фениден бақиға аттанғанына бес жылдың жүзі толды.



Әкеміз саналы ғұмырын туған өлкесінің өркендеуіне арнап, Шет өңірінің дамуына елеулі үлес қосты. Ел алдындағы еңбегі баға-ланып, бірнеше мәрте ауылдық Кеңес пен аудандық мәслихат депутаты болып сайланды. 2019 жылы «Шет ауданының Құрметті аза-маты» атағына ие болды. Ағайынға сыйлы, туған-туысқа қамқор, отбасына асыл тірек болған әкеміздің жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады. Жанын жәннатта болсын, жан Әке!

Бес жыл өтті, әке, сізден айырылдык, Қыран құстай қанатынан қайырылдык. Әке, сіз деп он том кітап жазар ем, Жаратушы жаратканда шайыр қып.

Асқар таудай арқа сүйер панамыз, Жоктығыңды сезінеді санамыз. Кең пейілің, ақылың мен ақ сөзің, Болып қалды енді, міне, бәрі аңыз.

Сағынады есіне алып аям да, Сағынады немерең мен балаң да. Пейіш төрін мәңгілікке мекенде, Сіздей әке табылмайды ғаламда.

Көз алдымда жылы күлкің тұрады, Асқар тауым, неге ерте құлады? Жатқан жерің жайлы болсын, жан әке, Мекен болсын Жаратқанның жұмағы.

Еске алушылар: **жұбайы, балалары, немере-жениері, шөберелері.**

№226

Туристерге жол табу жеңілдейді



Облыста туристерге ақпараттық қолдау көрсетіп, визит-орталық жұмыс істейді. Оның екеуі Қарағанды қаласында – теміржол вокзалы мен Са-рыарқа әуежайында орна-ласса, қалған екеуі Балқаш қаласындағы әуежай мен қалалық жағалауда қызмет көрсетеді. Мұнда саяхат-шылар өңірдің көрікті жер-лері, туристік бағыттар, ор-наластыру орындары және туристік қызметтер туралы қажетті мәлімет ала алады.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Еліміздегі барлық визит-орта-лыктардың жұмысы енді бірыңғай қағидалар негізінде ұйымдасты-рылады. Туризм және спорт мини-стрлігі осыған қатысты тиісті стан-дарттарды бекітті.

Жаңа қағидаларға сәйкес, ақпа-раттың қолжетімділігіне бірыңғай талаптар енгізілді. Келушілер қызмет көрсету тілін өз қалауын-ша тандай алады. Ақпарат қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылады. Құжатта туристердің қауіпсіздігіне ерекше назар ауда-рылған. Егер қандай да бір себеп-пен туристік нысанға бару немесе

туристік маршрутпен жүру мүмкін болмай қалса не оған шектеу қой-ылса, визит-орталық бұл туралы ақпаратты алған сәттен бастап бір сағаттан кешіктірмей туристерді ха-бардар етуге міндетті. Тиісті ескер-ту визит-орталықтың өзінде және оның интернет-ресурсында жария-лануы тиіс.

Сонымен қатар, жаңа қағида-ларда мүмкіндігі шектеулі адамдар мен жүріп-тұруы қиын азаматтар үшін кедергісіз орта қалыптастыру көзделген. Бұдан бөлек, визит-орта-лық қызметкерлерінің біліктілігіне және қызметтік әдеп нормаларына қойылатын талаптар да нақты ай-қындалған. Визит-орталықтардың жұмыс тәртібі туристік нысанның орналасқан жеріне, оған кіру ерек-шелігіне және туристер легіне қа-рай белгіленеді. Соған сәйкес олар жыл бойы немесе маусымдық негіз-де жұмыс істей алады.

Сондай-ақ, жаңа қағидалар визит-орталықтардың жанынан дәмхана, дүкендер және өзге де сер-вистік қызмет көрсету нысандарын ашуға мүмкіндік береді. Бұл тури-стерге көрсетілетін қызметтің қол-жетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика+математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика+математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Цифрлық мемлекеттік басқару», «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география+математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география+шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокуратура қызметі», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жылыстауға және терроризмді қаржылан-дыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизне-сті заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы+адам, қоғам, құқық). Мемл.лицензия: KZ55LAM00009976, «ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» 29.10.2025 ж. берген, тел.: 8 (7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№180

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департа-ментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемле-кеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері-не арналған электрондық мекенжайы flnk.kar@minfin.gov.kz

к

Қарағанды облысының әкімдігі Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Шораұлы Тұяқовқа қарындасы **Роза Шорақызы ТҰЯҚОВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облысы әкімінің аппараты бақылау және құжаттама-лық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Жанна Шорақызы Тұяқоваға апасы **Роза Шорақызы ТҰЯҚОВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



• ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ

Тарихы мен мәдениеті тоғысқан

Қарағанды көмір өндірісімен ғана емес, бай тарихи мұрасы, көпұлтты халқы және мәдени өмірімен де ерекшеленеді. Қарағандының мәдениеті ғасырлар бойы қалыптасып, әртүрлі ұлттардың салт-дәстүрі мен өнерінің тоғысуы нәтижесінде дамыған. Бүгінде қалада театрлар, мұражайлар, кітапханалар, концерт залдары, мәдениет сарайлары және шығармашылық орталықтар жұмыс істейді. Олар тұрғындардың рухани өмірін байыттып, ұлттық құндылықтарды сақтауға және дамытуға зор үлес қосып келеді.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласының тарихы көмір өндірісінің дамуымен тығыз байланысты. XX ғасырдың басынан бастап, мұнда еліміздің түпкір-түпкірінен және басқа елден қоныстанушылар көп болды. Соның нәтижесінде қала көпұлтты мәдени ортаға айналды. Әрбір этнос өз мәдениеті мен дәстүрін сақтап қана қоймай, қала мәдениетінің дамуына өзіндік үлесін қосты. Осылайша, Қарағандыда түрлі халықтардың мәдениеті өзара үндесіп, ерекше рухани орта қалыптасты.

Қазіргі таңда қалада мәдениет саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Жаңа мәдени жобалар жүзеге асырылып, тарихи ескерткіштер қалпына келтіріліп, өнер адамдарына қолдау көрсетілуде.

Қарағанды облысының мәдени өмірінде театрлардың орны ерекше. Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық қазақ драма театры қазақ әдебиеті мен әлем классикасының үздік шығармаларын сахналайды. Театр актерлері республикалық және халықаралық фестивальдерде өнер көрсетіп, көптеген марапаттарға ие болған.



Коллаж аясағы Арайлым Қоңғарова

К.Станиславский атындағы Қарағанды облыстық орыс драма театры да қала тұрғындарының сүйікті мәдени орындарының бірі. Мұнда классикалық және заманауи қойылымдар сахналанып, көрермендердің үлкен қызығушылығын тудырады.

Сонымен қатар, Қарағанды академиялық музыкалық комедия театры оперетта, мюзикл және

музыкалық қойылымдарды көрермен назарына ұсынады. Бұл театр еліміздегі ең танымал музыкалық театрлардың бірі саналады.

Кеншілер мәдениет сарайы – қаланың ең көрнекті сәулет ескерткіштерінің және мәдени орталығының бірі. Бұл ғимарат – тек мәдени нысан ғана емес, қала тарихының куәсі, кеншілер еңбегін құрметтеудің және халықтың рухани дамуының символы. Сарайдың салынуы Қарағандының өнеркәсіптік қала ретінде қалыптасу кезеңімен тығыз байланысты.

Қарағанды қаласының мәдени өмірінде Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің де алар орны өзгеше. Бұл мәдени мекеме өңірдегі кәсіби музыкалық өнерді дамытуға және халыққа

жоғары деңгейдегі концерттік бағдарламалар ұсынуға зор үлес қосып келеді.

Мұражайлар да мәдени мұраны сақтап, келешек ұрпаққа таныстыруда маңызды қызмет атқарады. Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінде өңірдің бай тарихы, табиғаты мен мәдениеті туралы көптеген құнды жәдігерлер сақталған.

Қарағанды өңірі көптеген танымал өнер қайраткерлерін тәрбиелеп шығарған. Бұл өңірден шыққан ақындар, жазушылар, әншілер, актерлер мен суретшілер қазақ мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жырлары жүлделі болды

Ұлытау облысы Жанаарқа ауданында Социалистік Еңбек Ері, даңқты шопан Шалғынбай Ынтықбаевтың туғанына 90 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Еңбектің жарық жұлдызы» атты аймақтық жазба ақындар мүшәйрасының қорытындысы шықты. Байқауға қос облыстан 40-қа жуық ақын қатысып, өз туындыларын ұсынды. Мүшәйраға қатысқан «Ortalyq Qazaqstan» газетінің тілшілері – Жәлел Шалқар мен Ерік Нарын да жүлделі орындардан көрінді.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мүшәйра қорытындысы бойынша Ерік Нарын I орын иеленді. Ал, II орын Жезказғандағы Абай атындағы мамандандырылған мектеп-интернатының мұғалімі Абай Оразға бұйырды. Үздік үштікті «Қазақстан» Ұлттық арнасының редактор-сарапшысы Айзада Рахымжанова түйіндеді.

Жәлел Шалқар мүшәйрада Сәкен Сейфуллин атындағы арнайы жүлдеге ие болды. Ал, Қарағанды қаласындағы Ыбы-

рай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейдің мұғалімі Дәуренбек Бұланбаев «Сайлаухан Нәкенов» атындағы, кенші ақын Ернат Кемалов «Ақселеу Сейдімбек» атындағы арнайы жүлдеге лайық деп танылды. Шығармашылық байқаудың өтуіне Шалғынбай Ынтықбаевтың ұрпақтары де-меушілік жасағанын атап өткен жөн.

Сурет ұйымдастырушылардан

Дара өнердің додасы

Шет ауданының Ақадыр кентінде дәстүрлі садақ атудан ересектер мен жастар арасындағы Қарағанды облысының чемпионаты жоғары деңгейде ұйымдастырылып, облыстың үздік мергендерін анықтады. Айтулы додаға Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы, Шет ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі және Ақадыр кенті әкімдігінің қолдау білдірді.



Нұрдо КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Екі күнге созылған дүбірлі додаға Қарағанды облысының қала-аудандарынан 50-ге жуық мерген қатысып, ұлттық спорттың мәртебесін арттыру жолында өзара мықтыны анықтады. Жарыс барысында қатысушылар дәстүрлі садақ атудың бірнеше бағыты бойынша бақ сынады. Атап айтқанда, ерлер 70 метрлік нысанада, қыздар 60 метрлік Пута нысанында өнер көрсетсе, сондай-ақ, спортшылар 50 метрлік Қалқан, 40 метрлік Орта Азия және 30 метрлік Жамбы нысаналары бойынша дәлдік пен шеберліктерін сынға салды.

Чемпионаттың салтанатты ашылу рәсіміне Шет ауданы әкімінің орынбасары Дәурен Карсембаев, Қарағанды облысының дәстүрлі садақ ату федерациясының вице-президенті Қуан Ақшолоақов, Ақадыр кентінің әкімі

Мерей Қойшыбаев қатысты. Әрбір нысана бойынша спортшылар өздерінің мергендігі мен шеберлігін көрсетіп, жеңіс жолында бар күш-жігерін жұмсады. Нәтижесінде облыстың ең үздік садақшылары анықталып, Қарағанды облысының құрама командасы жасақталды. Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктармен, медальдармен және грамоталармен марапатталды. Сонымен қатар, бірінші орын иеленген спортшыларға Қазақстан Республикасының Спорт шеберлігіне үміткер (СПУ) спорттық атағы берілді.

Айта кетейік, чемпионат жеңімпаздары алдағы республикалық деңгейдегі жауапты жарыстарда Қарағанды облысының намысын қорғайтын болады.

Шет ауданы

Сурет автордан

• «САРЫАРҚА – 2026»

Үздіктер үкіленді

Өңірде екі күн бойы спорттың дүбірі басылмай, ауыл спортының мерейін асқақтатқан XXXVIII облыстық «Сарыарқа – 2026» жазғы ауыл спартакиадасы өз мәресіне жетті. Дәстүрлі додаға Абай, Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Шет және Осакаров ауданынан келген 700-ден астам спортшы қатысып, спорттың 15 түрінен өзара бақ сынады.

Спартакиада бағдарламасында қатысушылар волейбол, шағын футбол, қазақ күресі, жазғы президенттік көпсайыс, армрестлинг, гир көтеру, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, асық ату, бес асық, теңге ілу, көкпар, аударыспақ, жамбы ату және садақ ату бойынша өза-

ра мықтыны анықтады. Әр сайыста жеңіске деген жігер мен қайсарлық айқын көрініс тауып, спортшылар жоғары дайындық деңгейін көрсетті. Бас төреші Мақсат Слямов дәстүрлі жарыстың негізгі мақсаты ауыл жастары арасында бұқаралық спортты кеңінен дамытып, саламатты өмір

Жастарымыз жарап тұр

Қарағандылық «Шахтердің» жастар командасы футболдан Қазақстан Екінші лигасының «Солтүстік-Шығыс» конференциясында топ бастан келеді. Клубының жас футболшылары чемпионаттың XVI туры аясында Петропавлдың «Қызылжар» жастар командасымен сырт алаңда кездесіп, 2:0 есебімен жеңіске жетті.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Шахтер» жастарының биылғы маусымдағы қарқыны көпшіліктің назарын аударуда. Әр кездесуде шабуылға бейім, жүйелі ойын үлгісін көрсетіп келеді. Сырт алаңда өткен кезекті ойынында да «Шахтер» жастары допка көбірек иелік етіп, қос қаптал арқылы қауіпті шабуылдар ұйымдастырды. Жылдам әрекеттері арқылы алаң иелеріне едәуір қысым жасап, бірнеше мәрте қақпа маңынан мүмкіндік іздеді. Алайда, бірінші таймда жерлестердің шабуылдары нәтижелі



соққымен аяқталмай, есеп ашылмады.

Екінші таймда да «Шахтер» жастары шабуылдағы белсенділігін бәсеңдетпей, қарсылас қақпасына бағытталған соққыларымен алаң иелерін әбігерге салды. Қарағандылықтардың үздіксіз қысымына қарамастан, алғашқы сәттерде есепті өзгерту мүмкін болмады.

салтын насихаттау екенін жеткізді.

Бұқар жырау ауданының балуандары командалық есепте I орын алды. Қазақ күресінен боз кілемге шығып, сынға түскен бұқаржыраулық балуандардың арасынан 55 келіде Шәкәрім Әлім, 90 келіде Гүлболат Серікбек, 100 келіде Әзімхан Әсет және 100 келіден жоғары салмақта Уатхан Омар қарсыласты шақ келтірмей, жеңімпаз атанды. Ал, 60 келіде белдескен Мадияр Дүйсенбеков, 82 келіде Болысхан Ернат II орын иеленсе, 66 салмақ дәрежесіндегі Бактияр Аскаров, 74 келіде Манарбек Құрма-

нов қола жүлдегер атанды. Бұл балуандарды осы бәсекеге дайындаған жаттықтырушылары қазақ күресінен спорт шеберлері Абай Үмітбаев пен Ерлан Сағитов болатын.

Екі күнге созылған тартысқа толы бәсекенің қорытындысында жалпыкомандалық есепте Шет ауданының командасы қарсыластарынан оқ бойы озып, жеңіс тұғырынан көрінді. Күміс жүлдені Бұқар жырау ауданының спортшылары иеленсе, қола медаль Қарқаралы ауданының командасына бұйырды.

Өз тілшімізден



Биылғы Екінші лиганың «Солтүстік-Шығыс» конференциясында 10 команда өнер көрсетіп жатыр. Чемпионаттың әр турында тартыс күшейіп, командалар турнирлік кестедегі өз орындары үшін барын салуда. Осындай бәсекелі ортада қарағандылық жастар әзірге тұрақты ойын өрнегін көрсетіп, көштің басына шықты. 16 турдан кейін «Шахтер» жастар клубының еншісінде – 36 ұпай бар. Ал, бұл лиганы жеңген команда келер маусымда Бірінші лигада өнер көрсетпек. Одан кейінгі сатыда 35 ұпаймен «Astana» жастары тұрса, үздік үштікті 26 ұпаймен «Қызылжар» түйіндеп тұр.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Станислав Альбертович ПЕСНЕВ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Ұй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru	• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. • Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. • Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. • Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.	«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJВKZKX БИН 000840001412 Тарапымы 3 264 №82 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН
---	---	--	---